Бейсенбіде облыс орталығындағы «Empire» мейрамханасында оқуда озат, өнерлі, спортта топ жарып жүрген 200 жас жеткіншек Президенттің Жаңа жылдық шыршасын тамашалады.

# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

26 ЖЕЛТОҚСАН СЕНБІ 2015 жыл №195-196 (19083-19084) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ

# ЖАСЫЛ ШЫРША ЖАЙНАҒАН





Жаңа жыл – әр баланың асыға күтетін мерекесі. Бұл күні бала көңіл тәтті армандардың орындалатынына сенеді. Ал Президенттің шыршатойына қатысуды армандамайтын өрен жоқ шығар, сірә.

Дәстүрлі шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан балаларына арналған бейнеқұттықтауын тамашалаудан басталды.

– Бүгін байтақ еліміздің барлық өңірлерінде өнегелі, оқуда озат, өнерде алда жүрген балалар жаңажылдық шыршаның айналасына жиналды. Жаңа жыл ең алдымен балаларға қуаныш сыйлайтын мереке. Мен сендерді, барша қазақстандық балаларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын.

Біздің Тәуелсіз еліміз жылдан жылға өркендеп келеді. Қазір дүние жүзі Қазақ елін құрметтейді. Айналайындар, сендер осындай ерекше елде өсіп келе жатқан бақытты ұрпақсыңдар. Егемен еліміздің болашағы өздеріңмен байланысты. Сондықтан білімді, зерделі де зерек болыңдар. Сендердің білімді де парасатты азамат болуларың үшін елімізде барлық мүмкіндік бар,– деген Елбасы өрендерді оқуда озат, өнерде алда болуға шақырды және дендеріне саулық, мол бақыт тіледі.

Елбасының жылы лебізі, ақ тілегіне балғындар ризашылықтарын ду қол шапалақпен білдірді.

Осыдан кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстың барлық аудандарынан келген жеткіншектерді Жаңа жылмен құттықтады.

– Ардақты балалар! Баршаңызды Елбасы, аталарыңыз – ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі Президент шыршасына облысымыздың барлық ауданынан оқуда озат, спортта үздік, үлгілі оқушыларымыз қатысып отыр. Сондықтан сіздерді өткен 2015 жылғы жетістіктеріңізбен шын ниетіммен құттықтаймын! 2015 жылды Сыр елі үлкен табыспен аяқтап отыр. Күріштен рекордтық өнім алды, құрылыс салу, инвестиция тарту бойынша республикада алдыңғы қатардамыз. Мысалы, құрылыс облыс көлемінде 3,5 есеге өсті. Мұның барлығы сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін жасалып жатқан игі істер. Халқымыздың асыл армандарын жүзеге асыратын сіздерсіздер, қадірлі жас достар. Біз алдымызға Мәңгілік ел болуды үлкен мақсат етіп қойып отырмыз. Осыған жету жолында біздің ұрпағымыз, яғни, сіздер терең білімді, ақылды, парасатты болуға тиіссіздер. Бұған елімізде барлық мүмкіндік жасалған. Ендеше әрдайым оқуда озат болып, үлгілі, өнегелі, отансүйгіш азамат болып өсіңіздер,– деді облыс әкімі.

Биылғы Жаңажылдық шырша мерекесі «Жібек жолының жаңа жылдық ертегісі» тақырыбында ұйымдастырылған. Жасыл шырша айналасында жеткіншектер Ұлы Жібек жолындағы елдердің әндерін әуелетіп, билерін биледі. Атап айтқанда, сырдариялық өнерлі балғындар түрік биін билесе, қазалылықтар испанша, аралдықтар иран биін, жаңақорғандық жасөспірімдер өзбек биін мың бұрала биледі. Сонымен бірге Аяз ата мен Ақшақар, Тазша бала мереке мазмұнын байыта түсті. Ескі жылдың иесі Қойды ризашылықпен шығарып салған балғындар жаңа жыл иесі – Мешінді қарсы алды.

Шырша тойында балаларға Елбасы атынан ноутбук сыйға тартылды, тіл үйірер тәтті торт үлестірілді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

● АСТАНАДАҒЫ БРИФИНГ

# АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ АЙШЫҚТЫ ЖЫЛЫ

**Кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев брифинг өткізіп, республикалық БАҚ өкілдеріне облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы кеңінен айтты. Брифинг соңында аймақ басшысы журналистер сауалына жауап берді.**

Жылдың қорытындысын шығарып, көпшілік алдында есеп берудің реті жаңа жылдың қарсаңына келді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, барлықтарыңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

2015 жыл кім үшін де ерекше кезең болды. Мұнай бағасы күрт төмендеп, үйреншікті экономикалық орта адам танымастай өзгерді. Негізінен мұнай өндірісіне арқа сүйейтін Сыр өңірі үшін бұл оңай болмады.

Мұнай өндіруші кәсіпорындар шығындары мен инвестицияларын барынша қысқартты, соның салдарынан мұнай саласына қызмет көрсететін мекемелер күйзеліске ұшырады.

Біз тиісті шаралар қабылдап, қалыптасқан жағдайдың экономика мен әлеуметтік салаға деген кері әсерін мейілінше азайтуға тырысудамыз. Сөйте тұра, сыртқы экономикалық ортаның бұрынғы қалыпқа келуі енді екіталай екендігін түсінеміз. Сауд Арабиясының мұнай министрі айтқандай, тас ғасыры тас таусылғандықтан аяқталған жоқ, сол секілді мұнай дәуірі де мұнай таусылғандықтан бітпейді.

Елбасының сөзімен айтқанда – “Жаңа уақыт туды, жаңа жағдай қалыптасты... Соған сәйкес батыл қимылдап, экономиканы жаңа арнаға түсіретін уақыт келді”.

Қалыптасқан жағдайда экономиканы әртараптандыру – біз үшін жай ғана басымдық емес, өмірлік маңызы бар міндетке айналды.

Әлбетте, әлем мен ел экономикасындағы өзгерістер біздің де жоспарларға түзетулер енгізуде. Алайда, жоспарымыздың жалпы бағыты өзгермейді, біздің стратегиялық мақсаттарымыздың дұрыстығын уақыттың өзі растап берді.

Сонымен үстіміздегі жылы өңірде қандай маңызды өзгерістер болды? Брифингтің алғысөзін мен индустриялдық және инвестициялық жобаларға қатысты мәселеден бастағым келеді. Бүгінгі таңда қалыптасып отырған ерекше кезеңнің шақыруына біздің экономиканы әртараптандыру бағытындағы белсенді жұмыспен ғана жауап беретініміз айқындалып отыр. Бұл біздің дағдарысқа қарсы жауабымыз болып табылады. Сондықтан біз осыған дейін осы жерде айтылған жобалардың бірде-біреуінен бас тартқанымыз жоқ. Экономикада қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан олардың бірде-біреуі тоқтатылмады.

2014 жылдың қыркүйегінен өнеркәсіп секторында өсім жағдайы сақталып отыр. Мемлекет басшысы он жыл ішінде бұл саладағы еңбек өнімділігін екі есеге арттыру міндетін қойған еді. Біз соңғы үш жыл ішінде оның деңгейін 4,5 есеге өсіруге қол жеткіздік. Бұл көрсеткіш өсімі елімізде орташа 44 пайызды құрайды. Бәлкім, сіздер белгілі бір түйткілі бар шыны зауытының тағдыры туралы естігілеріңіз келетін шығар деп ойлаймын.

Ол салынып жатыр! Жоба “Бәйтерек” холдингі мен “Қазақстанның инвестициялық қоры” және Американың “StewartEngineers” компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Жыл сайын зауыт 197 мың тонна шыны шығаратын болады. Бұл тек қана ғимараттарға арналған жай шыны табақша емес, жылтыратылған, энергия сақтағыш, берік және оқшауланған шыны мен айналар шығарылады. Өндіріске қажетті шикізаттың 95 пайызы – кварц құмы, доломит, әк тасы облыста өндіріледі.

Кез келген шыны түрінің өндірісіне қажетті компонент – кальцийленген сода біздің облыста – Арал қаласында “Аралтұз” акционерлік қоғамымен бірлесіп шығарылатын болады. Оның техникалық-экономикалық жобасы дайын. Қазір Қазақстанның даму банкін жобаға тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аймақта ванадийдің, мыстың, сирек кездесетін жер-асты металдарының болуына байланысты біз металлургия кәсіпорындарын құру жөніндегі жұмыстарды бастадық. Іс жүзінде жоғары технологиялық, қазіргі металлургия біздің облыстағы мұнай үшін бәсекеге түсе алатын шынайы балама бола алады деп ойлаймын. Бұл үшін бізде едәуір алғышарттар қалыптасты. «Шалқия» қорғасын, мырыш кенішіндегі қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 2016 жылы кен байыту комбинатының құрылысы бойынша жобалау құжаттары дайындалып, құрылысты бастау көзделіп отыр.

2017 жылдың алғашқы кезеңінен бастап кен байыту комбинаты жылына 2 млн тоннаға дейін кенді өндіріп, қайта өңдейтін болады. 2019 жылы өңдеу көлемі 4 млн тоннаға дейін ұлғаяды. Кен байыту комбинатының өнімдері – мырыш концентраты (жылына 112 мың тонна) және қорғасынның концентраты (жылына 29 мың тонна) металлургия өнеркәсібінде кеңінен пайдаланылады. Бұл өндірістің болашағы зор. Мырыш әлемде мыс пен қалайыдан кейін жиі қолданылатын түсті металдардың қатарына жатады. Олар әдетте фармацевтика, ауыл шаруашылығы, құрылыс, машина жасау салаларында пайдаланылады. Тіпті оны ақша банкноттарын шығаруға пайдалануға болады.

Біз немістің “ICMD” (АйСиМДи) компаниясымен Қызылорда қаласында арнайы және кешенді қорытпалар өндіретін ферроқорытпа зауытын салу жөніндегі келісімге келдік. Жобалау құжаттары жасалды. Инфрақұрылым жүргізілді. Кәсіпорын жылына 160 мың тонна мыс қорытпасын (ферросилиций) шығарады. Ферросилиций болатты қорыту кезінде оның беріктігін нығайтатын қорытпа болып табылады. Қызылордадағы зауыт академик Әбдірасіл Жәрменовтің басшылығындағы “Ұлттық минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі орталықтың” қазақстандық ғалымдарының жасаған инновациялық технологиясымен жұмыс істейтін болады. Ферросилиций өндіру үшін жергілікті жердің арзан шикізаты – кварц құмы, ал кокстың орнына күріш қауызы мен сабаны пайдаланылады.

Бұл мыссыз көмірсутегін алуға мүмкіндік береді, нәтижесінде мысы аз ферросилиций алынады, бұл металлургияда жоғары сұранысқа ие өнім. Бұл тұрғыда біздің неміс әріптестеріміз зауыт шығарған барлық өнімдерді өткізуге кепілдік беріп отыр. Өндіріс энергияны көп қажет ететіндіктен жобаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде қуаты 150 мвт газ-турбиналық электр стансасы салынатын болады.

«Баласауысқандық» кен орнын игеру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Ванадий өндірісінің тәжірибелік өнеркәсіптік жобасы аяқталып келеді, жуырда өнеркәсіптік өндіру басталады.

Өңірде уранның едәуір қорының болуы “Қазатомөндіріс” Ұлттық компаниясының облыс төңірегіндегі жұмыс ауқымын кеңейтуіне мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде “Қазатомөндірістің” Алматыда орналасқан төрт еншілес компаниясының бас офистері Қызылордаға қоныс аударды.

Үстіміздегі жылдың 11 желтоқсанында Мемлекет басшысы өткізген жалпыұлттық телекөпірде Қызылорда қаласындағы «Үй құрылысы комбинатының» ашылу рәсімі өтті. Алдағы жылдың көктемінде Қытай әріптестерімен бірге тампонаждық цемент өндіретін зауыттың құрылысы басталады. Ол мұнай-газ және уран өнеркәсібінде бұрғылау кезінде бұрғыларды жер-асты суларының ылғалынан қорғау үшін пайдаланылады. Оны сондай-ақ жалпықұрылыстық материал ретінде пайдалануға болады. Бұл жалпы алғанда сұйық құйма секілді, ол ұңғымаға айдалып, ұсақ саңылаулардың өзін бітеп, баяу қатып қалады. Осылайша цементтің бұл түрін пайдалана отырып, біз бұрғыларды цементтеудің сапасын арттырамыз және оны пайдалану мерзімін ұзартамыз.

Сондай-ақ өңірде асфальт-бетон және силикат кірпішін шығару зауыттары жобалары бойынша жұмыстар істелуде.

Біз құрылыс материалдарын шығаруға мән берумен қатар тұрғын үй құрылысын дамытуға да айрықша назар аударып отырмыз. Биылдың өзінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тұрғын үй бір жарым есе артық іске қосылды. Мемлекеттік қаржының есебінен ғана оның көлемі 3 еседен астам өсті. Бұл қарқынды келесі жылы да сақтап қалатын боламыз. Бұл тұрғыда “Қазақстанның ипотекалық компаниясы” және “Самұрық-Қазына” жылжымайтын мүлік қорымен белсенді жұмыс атқарылды.

2-бет

## ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР

1. Облыс әкімінің сала үздіктерін марапаттау рәсімі. 26 желтоқсан, сағат 18:00. Облыс әкімдігі.
2. «Шырша тойын тойлайық!» мерекелік ертеңгілік. 25-31 желтоқсан, сағат: 9.00-19.00. Көркемсурет галереясы.
3. «Күлше қыз» балалар спектаклі. 2015 жыл 28 желтоқсан - 2016 жыл 3 қаңтар, сағат: 10.00,12.30,15.00,17.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.
4. Балаларға арналған ертеңгілік. 2015 жыл 28 қаңтар – 2016 жыл 3 қаңтар, сағат: 11.00,13.30,16.00,18.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.
5. «Қош келдің, Жаңа жыл!» балалар ертеңгілігі. 28 желтоқсан, сағат: 12.00. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.
6. «Жаңа жыл – жаңа күн» атты мерекелік концерт. 30 желтоқсан, сағат: 18.00. Филармония залы.
7. Балаларға арналған ертеңгілік. 26-28 желтоқсан, сағат: 10.30, 12.00, 15.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.
8. Қала әкімінің балаларға арналған жаңажылдық шыршасы. 26 желтоқсан, сағат: 16.00. Оқушылар сарайы.
9. Оқушылар сарайының балаларға арналған жаңажылдық шыршасы. 27-29 желтоқсан, сағат: 9.30, 11.30, 15.30. Оқушылар сарайы.
10. Қала әкімінің жыл қорытындысына арналған жаңажылдық салтанатты кеші. 28 желтоқсан, сағат: 17.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.
11. «Қош келдің, 2016 жыл!» жаңажылдық салтанатты кеш. 28 желтоқсан, сағат: 17.00. Қосшыңырау ауылдық клубы.
12. «Қуаныш сыйлап еліме, Жаңа жыл енді төріме» жаңажылдық кеш. 28 желтоқсан, сағат: 17.00. Қарауылтөбе ауылы №179 мектеп.
13. Жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға беру рәсімі. 28 желтоқсан. Титов м/а Жаппасбай батыр көшесі.
14. «Жасыл шырша жанында» жаңажылдық кеш. 29 желтоқсан, сағат:18.00. Қызылөзек ауылдық клубы.
15. «Кел Жаңа жыл, жаңа жыр!» атты жаңа жылға арналған мерекелік іс-шара. 29 желтоқсан, сағат: 18.30. Тасбөгет кенті Орталық алаң.
16. «Жасыл шырша жанында» мерекелік кеш. 30 желтоқсан, сағат: 10.00. Қызылжарма ауылдық клубы.
17. «Ескі жыл есірке, Жаңа жыл жарылқа!» жаңажылдық іс-шара. 30 желтоқсан, сағат: 17.00. Белкөл кенті. №189 мектеп.
18. «Жаңа жыл, құт болып кел еліме!» салтанатты кеш. 30 желтоқсан, сағат:19.00. Ақсуат ауылдық мәдениет үйі.
19. «Төрлет, құтты Жаңа жыл» мерекелік шара. 30 желтоқсан, сағат: 19.00. Ақжарма ауылдық клубы.
20. Жаңа жылға арналған жалпы көпшілік серуен, мерекелік концерт. 30 желтоқсан, сағат: 19.00. Орталық алаң.
21. «Жаңа жылым, жаңа нұрым» атты жастарға арналған мерекелік концерт. 29 желтоқсан, сағат: 10.00. Қалалық мәдениет үйі.

# АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ

Жергілікті жерден өндірілген құрылыс материалдары өнеркәсіп нысандарын салуға да аса қажет екенін мен айтып өттім. Облыс орталығының сол жағалауын игеру жұмыстары басталады. Халықаралық қаржы институттарымен бірге инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылатын болады.

Қармақшы ауданында Байқоңырға жуық маңда полипропилен өндіретін зауыт құрылысы салынады. Жоспар бойынша 2019 жылы кәсіпорын алғашқы 42 мың тонна полипропилен, 46 мың тонна пропан және 25 мың тонна бутанбутелен фракциясын шығаратын болады. Бұл өнім экспортқа шығарылады. Сондай-ақ кәсіпорын бензин, дизель отын, авиакеросин және қазандық отын шығарады. Олардың барлығы ішкі рынокта тұтынылатын болады.

Машина жасау зауытының жобасы бойынша жұмыстар жалғасын табады. Жобалау-техникалық құжаттары дайын. Бұл жоба негізінде “Қазақстан теміржолы” кәсіпорындарына арналған қосалқы бөлшектер мен жоғары технологиялы жабдықтар және қондырғылар шығарылатын болады. Ал “Қазатомөндіріс” үшін агрегаттар, бөлшектер стандартты емес жабдықтар шығарылады. Сондай-ақ оның өнімдерін агроөнеркәсіптік, мұнай, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салалары пайдаланатын болады.

Біз үшін ауыл шаруашылығы маңызды саланың бірі болып қала бермек. Басым бағыт орташа және ірі шаруашылықтарға берілетін болады. Кәсіпкерлер палатасымен, аумақтық инвестиция орталығымен, ауыл шаруашылығы кооперативтері және сервистік дайындау орталықтарын ұйымдастырудың кешенді шаралары жүзеге асырылатын болады.

Ендігі жерде субсидиялау инвестициялық шығындарды жабуға, яғни техникалар жаңартуға, күрделі құрылыс шығындарын өтеуге ғана бағытталады.

Күріш кластерін дамыту шеңберінде қайта өңдеу өндірістерін модернизациялау жұмыстары жалғастырылады. Келесі жылы өзіндік тұқым базасын қалыптастыру үшін күріштің элиталық, жоғары өнімді тұқымдары сатып алынады. Бұл алдағы жылдары астық тиімділігін арттырып, оның өнімділігін гектарына 60 центнерге жеткізуге мүмкіндік береді.

Биылғы жылы біз күріштен жоғары өнімді қамтамасыз еттік.

Жалпы көлемі 423 мың тонна күріш жиналды. Әр гектарынан 50 центнерден өнім алынды. Осы егістік алқабынан 500 мың тоннадан астам күріш алуға мүмкіндік бар.

Етті мал шаруашылығын дамыту аясында келер жылы 50 мың бас қойға арналған бордақылау базасын жасақтаймыз. Сыйымдылығы бес мың бас ірі қараны қамтитын бордақылау кешенінің құрылысы аяқталады. Жылына 7 мың тонна қозы етін өндіретін ет комбинатын салуды бастаймыз.

Мал шаруашылығының қарқынды дамуы жем-шөп базасына байланысты болғандықтан осы бағыттағы өнімдерді өсіруге баса мән беріледі.

Бүгінгідей дағдарыс жағдайында кәсіпкерлікті дамытуға қосымша шаралар қажеттігі белгілі.

Әсіресе, қазіргі кезең жағдайы аяғынан тұрып болмаған кәсіпкерлер үшін көп кедергі тудырып отырғаны белгілі.

Осы орайда Президент бастамасымен дер уақытында жаңадан жасақталған «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының маңызы ерекше. Ол бізге шағын несиелеу тәжірибесін жалғастыруға мүмкіндік беріп отыр (2015 жылы 720 млн, 2016 жылы 420 млн теңге).

Біз «Аймақтық инвестициялық қор» құрдық және ол шағын бизнесті несиелендіруді бастап кетті. Аймақ кәсіпкерлеріне өз ісін кеңейтуге мүмкіндік беретін жобада облыстық бюджеттің (360 млн. теңге), Кәсіпкерлердің Ұлттық палатасының (300 млн. теңге) және екінші деңгейлі банктің («Казкоммерцбанк» 100 млн. теңге) үлесі бар.

«Даму» қорының бағдарламалары да біздің бірлескен жұмыстарымыздың жүйелі іске асуына мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, келер жылы шағын кәсіпкерлікті қолдауға облыс бюджетінен 500 млн, ал «Даму» қорынан 1 млрд теңге бөлінеді.

Осылайша біз алдағы жылы шағын кәсіпкерлікке бөлінетін қаржыны 3 есе (кем дегенде 2,7 млрд теңгеге дейін) ұлғайта аламыз.

Осындай қолдау таныта тұра біз несие алушының жауапкершілігін ең бірінші орынға қоямыз. Мысалы, мал сатып алуға алған несиесін туысының тойына жаратып жіберген адамның құжаттарын бірінші несиелік бюроға жібереміз. Бұл әлгі адам екінші қайтара еліміздің ешбір аумағынан немесе банктерден несие ала алмайды деген сөз.

1-бет

Керісінше, несиесін уақытылы қайтарғандар келесі жолы көбірек қаржыға қол жеткізе алады, мысалы, 3 млн-ның орнына 5 млн теңге ала алады.



Өткен жылы облысты газдандыру жұмыстары басталды. «ҚазТрансГаз Аймақ» 7 аудан орталығының төртеуінде автоматтандырылған газ тарату стансалары мен кварталішілік газ құбырларының құрылысын жүргізді. Байқоңыр қаласына газ тарту жұмыстары жақын арада аяқталады. Ендігі кезекте қалған 3 аудан орталығы мен ірі елді мекендерге газ жеткізу міндеті тұр.

Бюджет тапшылығы инфрақұрылымды жетілдіру мен әлеуметтік дамуды шектейтіндігі түсінікті. Тығырықтан шығатын бір ғана жол – халықаралық қаржы ұйымдарынан инвестиция тарту мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту.

Облыста жалпы құны 333 млрд болатын осындай 31 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Біз бұл жұмыстарды бүгін ғана бастаған жоқпыз. Сондықтан көптеген жобалар бойынша жасалған жұмыстар соңына таяп келеді.

Халықаралық қаржы ұйымдары есебінен біз облыс орталығындағы су, жылу, электрмен жабдықтау салаларын жаңғырту, кеңейту жұмыстарын бастадық. Бұл ретте бізге түрлі гранттар бөлу арқылы Үкімет жеткілікті қолдау танытып отыр.

Осылармен қатар көше жарықтарын, автобус паркі мен газ құю стансаларын модернизациялау, қатты және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытын салу, автобустар сатып алу секілді жұмыстар да қалыпты деңгейде жүріп жатыр.

Қала инфрақұрылымын дамытуды дарияның сол жағалауын игеру мәселесінен бөліп қарауға болмайды. Қызылорда қаласының дарияның сол жағалауынан салынатын бөлігінде 150 мыңнан астам тұрғын тұрады деп жоспарлап отырмыз. Бұл жобаны Азия даму банкі қаржылай қолдап отыр.

Бюджет есебінен жүзеге асырылған жобалар арасында облыс орталығы тұрғындарының өмір сапасын жақсартатын мына бастаманы бөле - жара айта кеткеніміз орынды болар.

Өткен брифингтерде мен облыс орталығындағы ауыз су сапасының сын көтермейтіндігін айтып, оны «гербицидті шырын» деп атағаным естеріңізде шығар. Жағдай шынымен де солай еді, қалалық су жүйесіне Сырдария арнасынан тікелей түсетін су көршілес Өзбекстандағы мақталық аймақтардың бар улы қалдықтарын ала келетін.

Сол кезеңде (2013 жылы) біз орасан қоры бар «Қызылжарма» жерасты су қоймасын зерттеуді бастаған едік. Жуырда осы жобаның соңғы нүктесі қойылды. Барлығы 57 ұңғыма бұрғыланып, қала халқы түгелдей таза ауыз суға қол жеткізді.

Енді «Қазсушаруашылығы» және «Ислам даму банкімен» бірлесе отырып облыс орталығын аяқ сумен қамтудың жобасын жасауға кірістік.

Жоба Қызылорда қаласындағы аяқ су мәселесімен қатар жалпы облыстағы ирригациялық жүйелерді қалыпқа келтіруге арналып отыр.

Кешегі кеңестік кезеңде Қызылорда облысындағы суландыру жүйесі 260 мың гектардан асып, Қазақстандағы ең ірі көлемді құрайтын. Бүгінде 230 мың гектар шамасында. Әзірше екі жобаны бастадық. Олар толық аяқталғанда 97 мың гектар жердің ирригациялық-дренаждық жүйелері толық жаңғыртылады.

Арал өңірі климаты жағдайында ең басты құндылық – су. Сусыз тіршілік жоқ, болашақ – бұлыңғыр.

Сондықтан да бүгінгі дағдарыс кезеңіне қарамай Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасының екінші кезеңі туралы келісімді тоқтатпаған Елбасына айтар алғысымыз шексіз.

«Еуропалық қайта құру және даму банкі» қаржысына Қазалы ауданы орталығынан 35 МВт қуаты бар газтурбиналық жылу электр стансасын салу жобасын қолға аламыз. Жоба толық жүзеге асқанда Қазалы ауданы орталығындағы жылу мен жарық мәселесі толығымен шешіліп, қатар жатқан екі ауданды электр энергиясымен қамтамасыз ететін болады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында біз Сырдария ауданындағы су желілерін жаңғырту арқылы халықты таза ауыз сумен толық қамту жобасын бастаймыз.

Қызылорда әуежайындағы жолаушылар терминалы құрылысы концессиялық негізде жалғасын табады.

Аймақтағы апатты мектептер мәселесін шешуге жеке инвесторларды тарту жоспарымызда бар. Осындай 36 мектептің 25-ін біз бюджет есебінен салдық. Ал қазіргі жағдай қалған 14 мектептің құрылысын салуды көтермейтіндігі белгілі. Сондықтан бұл мәселені МЖӘ аясында шешеміз.

Сондай-ақ, облыс орталығында 600 орындық кәсіптік-техникалық лицей мен ауысымына 500 адамды қабылдайтын емхана салу жөнінде «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүргізу орталығымен» бірлескен жобамыз бар.

Жоспарлағанымыздай біз биыл «Балапан» бағдарламасын мерзімінен бұрын орындап шықтық. Облыстағы балабақшалардың 60 пайызы (680-нің 400-і) жекенің үлесінде. Бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің нақты көрінісі. Мемлекет әр балаға тиісті қаржыны бөледі, ал бизнес барлық талапты сақтай отырып балаға қажетті жағдай жасайды. Осылайша бүлдіршіндер мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылады, ал олардың аналары жұмысқа шығуға мүмкіндік алады.

Енді 3 жасқа дейінгі балалар үшін балабақшадағы орын тапшылығын жоюға баса көңіл бөлеміз.

Тағы 10 колледжде дуальды технологияны енгізуді жалғастырамыз. Осылайша 2017 жылы 32 мемлекеттік колледждің жиырмасы осы стандарт бойынша жұмыс жасайтын болады.

Елбасы Жолдауында 2017 жылдан бастап барлығы үшін тегін кәсіби-техникалық білім беріле бастайтындығы жайлы айтылғанын бәріміз білеміз. Бұл жастарды жұмыспен қамтуға, жұмысшы мамандық мәртебесін қалыптастыруға, ұлттық экономиканы бүгінде ауадай қажет болып отырған кәсіби мамандармен қамтуға мүмкіндік береді.



Денсаулық сақтау саласындағы басты міндет – мамандардың біліктілігін көтеру болып отыр. Осы мақсатта 2015 жылы Қызылордадан С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің филиалы ашылды. Қазір 44 маман интернатурада дайындықтан өтіп жатыр. Келер жылы кәсіби дайындықтан өтетіндердің қатары 100-ге жетеді.

«А.Сызғанов атындағы хирургия ұлттық-ғылыми орталығымен» әріптестік байланысымыз жалғасын табуда.

Көріп отырғандарыңыздай, дағдарысқа қарамастан Қызылорда облысы бірқалыпты дамып келеді. Әрине, біз қалағандай қарқында емес. Бірақ бір орында тоқтап қалған жоқпыз, алдыға қойған мақсатымызға сәт санап жақындап келеміз.

Ал Мемлекет басшысының Жолдауындағы нақты шаралар алдымыздағы қиындықты еңсерудегі басты бағдарымыз болады.

*Облыс әкімі мұнан кейін журналистер сауалына тұшымды жауап берді.*

**«Хабар» агенттігі:**

***– Қызылорда қаласында күні бүгінге дейін ыстық сумен қамтылмаған көпқабатты тұрғын үйлер бар екен. Бұл мәселе қашан және қалай шешілмек?***

– Біз Еуропа қайта құру және даму банкісімен бірлесіп, өңірдегі халықтың үштен бірі тұратын облыс орталығында 8 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Соған сәйкес, қаланың инфрақұрылымын жөндеу, жаңарту жұмыстары жасалуда. Соның ішінде, көп ұзамай ыстық су мәселесі де өзінің шешімін табады. Оған күмәніміз жоқ. Қаржысы шешілген. Жобаларды іске асыруға кірістік. Қазір жылу жүйесін қайта жаңғырту, ЖЭО (ТЭЦ) жаңарту жұмыстары басталып кетті.

Өкінішке қарай, Қызылорда қаласы – республика бойынша ыстық сусыз отырған жалғыз облыс орталығы болатын. Қазір 6 үйді ыстық суға қостық. Жобаның аясында облыстың орталығында орналасқан 656 көпқабатты үйдің барлығы ыстық сумен қамтамасыз етілетін болады.

**24.kz телеарнасы:**

***– Қазіргі таңда Қызылорда облысында заманауи талапқа сай келетін автовокзал жоқ. Бұл олқылықтың орны қашан толады?***

– Облыстың қақ ортасын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі кесіп өтеді. Бүгінде осы жолдың құрылысы толық аяқталды. Күре жолдың бойында 33 сервистік орталық салынуда. Онда қонақ үй, жанар-жағармай бекеті, көлік жөндеу секілді түрлі қызмет көрсетіледі. Ал Қызылорда қаласындағы автовокзалға байланысты айтар болсақ, осыған қатысты кәсіпкерлер өздерінің жобаларын ұсынды. Яғни, біз автовокзал құрылысы үшін бюджеттен қаржы бөлмейміз, кәсіпкерлердің өздері салады. Біз жер телімін, инфрақұрылымын шешіп жатырмыз.

**24.kz телеарнасы:**

***– «ЭКСПО-2017» көрмесіне Сыр өңірі қандай үлес қосады? «Байқоңыр» ғарыш кешені бүкіләлемдік көрмеге келетін меймандар мен қатысушылардың назарына ұсынылатын нысандардың қатарында екен. Соған дайындық қалай жүруде?***

– Жуырда ғана Астана мен Байқоңыр арасында әуе қатынасын ашуды мақсат етіп, тиісті мекемелердің өкілдерімен кең көлемді талқылау отырысын өткіздік. Мұның бәрі де ЭКСПО көрмесін ұтымды ұйымдастыру ниетінен туындап отыр. Яғни, 2017 жылы Астанаға 5 миллион турист келеді деп отырмыз, сол туристер осы қаладан ғана кері қайтпай, арзан ұшақпен Байқоңырға барып зымырандардың ұшу сәтін де тамашалау мүмкіндігіне ие болса деген ойымыз бар. Оған қоса, ЭКСПО көрмесінің туристері зымырандардың ұшу сәтін тамашалауы үшін «Роскосмос» басшыларымен де келіссөздер жүргізу үстіндеміз. Яғни, оларға мүмкіндігінше ұшырылымдарды ЭКСПО көрмесі өтетін мерзім аралығына сәйкестендіріп ұйымдастырылса деген тілегімізді жеткіздік.

Сонымен қатар, Қорқыт бабамыздың кешені, Қамбаш көлінің демалыс аймақтары да көрме қонақтарының қызығушылығын тудырары анық. «Қорқыт Ата кешені» биыл толық қайта жаңғыртудан өтті. Ал Қамбаштың басында аралдық балаларға сауықтыру орталығы салынды, соның маңына демалыс орындары салынып жатыр. Сондықтан, Байқоңырға келген қонақ тек ғарыш айлағын көріп қана қоймай, біздің тарихымызды зерттеуге, бір жағынан демалуға мүмкіндік алады.

**24.kz телеарнасы:**

***– Соңғы екі-үш жылдықта Қызылорда облысының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі қанша?***

– 2013 жылдан бері жылына екі рет инвестициялық форум өткізіп келеміз. Мұндағы мақсатымыз – Қызылорда облысын инвесторларға таныту. Форумды ғарыш айлағынан зымыранның ұшу уақытымен сәйкестендіріп өткізіп жүрміз. Бірінші кезде инвесторлар зымыранның ұшқанын көру үшін келетін еді. Қазір экспорттық әлеуетімізді, инвестициялық климатымызды бағалап келе бастады. Форумдардың нәтижесінде 64 меморандумға қол қойылып, аймаққа 100 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылды. Сондықтан, бұл жұмыс жалғасын табады. Инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасалады. Әсіресе, біздің өңірде логистика жақсы дамыған. Барлық нарыққа тас жолымен де, темір жолымен де, әуе жолымен де шығуға мүмкіндіктер бар. Елбасының тапсырмасымен, Сексеуіл мен Бейнеудің арасын жалғайтын теміржол салынды. Қызылорда қаласында жаңа әуежай мен терминал құрылысын салуды тездетуіміз керек. Сондай-ақ қаланың әуежайына халықаралық мәртебе берілді. Бұдан басқа, Байқоңыр қаласында екі әуежай бар, соның бірін алу мәселесін де талқылау үстіндеміз. Егер біз қос әуежайдың бірін өз қарамағымызға өткізсек, оны халықаралық әуежайға айналдыруды көздеп отырмыз. Осының бәрі біздің инвестициялық климатымызды жақсартуға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

**«Астана» телеарнасы:**

***– Үкімет отырысында өндіріс көлемі төмендеп, жұмыс уақытының қысқаруына байланысты өндірістік кәсіпорын жұмысшыларының жалақысын субсидиялау мәселесін көтердіңіз. Сіздің осы ұсынысыңызды Үкімет қабылдады ма?***

– Үкіметке өнеркәсіптердегі жұмысшылардың жалақысын субсидиялау жөнінде ұсыныс бердік. Арнайы жұмыс тобы осы мәселені мұқият карауда. Меніңше, оның шешімі табылады деп ойлаймын.

Бізде мұнай-газ саласында 29 мың адам жұмыс істейді. Қазір осы салаға қызмет көрсететін сервистік компаниялардың жағдайы қиындап кетті. Инвестиция мен қызмет көрсететін жұмыстардың көлемі 50 пайызға қысқарды. Сондықтан, сервистік компаниялар «қара алтынға» қарап отыра бермеуі керек. Біз оларға мұнайдың уақыты өтіп бара жатқанын айтып, бизнесті әртараптандыруға ұсыныс білдірдік. «Мұнай-газдан тапқан пайда мен жинаған қаржыларыңды ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі саласына салыңдар» деп ұсыныс айтып жатырмыз. Олар солай етеді деп ойлаймын.









# АЙШЫҚТЫ ЖЫЛЫ

**«Қазақ радиосы»:**

***– Қазалы ауданының бір тұрғыны бізге әлеуметтік желі арқылы Қарлан өткелі қашан жөнделетінін сұрауды өтініш қылды. Бұған не дейсіз?***

– Қазалы ауданында осыдан үш күн бұрын болдым. Үкіметтің материалдық резервінен әскери жиналмалы көпірлер алдық. Соның үшеуін Қазалы ауданына жіберіп жатырмыз. Осы ретте, Қарлан өткелінің мәселесі де шешімін табады.

**«Kazakh TV» телеарнасы:**

***– Индустрияландыру картасына Сыр өңірі көлемінде қанша жоба енген? Олардың жүзеге асу барысы қалай? Іске қосылғаны қанша?***

– Облыста 37 индустриялық жоба жүзеге асып жатыр. Индустрияландырудың бірінші бесжылдығы аясында Қызылорда облысында 17 жоба іске қосылған. Оның 14-і толыққанды жұмыс істеуде. Қалған үшеуі жоспарлы өнімдерінің жартысын ғана шығарып отыр. Олардың жағдайын назарымызда ұстап отырмыз және көмектесіп жатырмыз. Тағы да қайталап айтайын, егер аймағымыздың болашағын ойласақ, экономиканы әртараптандырудан басқа жол жоқ. Өйткені, экономикамыздың құрылымы солай. Өндірісіміздің 94 пайызы мұнай-газ, уранға тиесілі. Сондықтан, соңғы үш жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібін 3 есеге өсірдік. Аймақтың деңгейінде мұндай көрсеткіш көрсету оңай шаруа емес. Әр жоба «рюкзак» секілді. Арқалап жүріп жасамасаң, бітпейді. Бізде ақыл айтушылар көп. Ал нақты жұмыспен айналысатындар аз. Сондықтан әр жобадан нәтиже шығаруға жұмыс істейміз.

**Kazpravda.kz интернет порталы:**

***– Қазіргі таңда барлық аймақтарда әлеуметтік тауарлардың баға мәселесі алаңдатып отыр. Қызылорда облысында бұл мәселе қалай шешілуде? Мәселен, сіздің өңірде көпбалалы отбасыларға 50 пайыз жеңілдікпен азық-түлік сататын дүкен пайда болыпты. Осы бағытта басқа қандай көмек көрсетілуде?***

– Сіз айтып отырған дүкен Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде орналасқан. Ауданның кәсіпкерлері жиналып, бүгінгі қиын-қыстау кезеңде әлеуметтік әлжуаз және көпбалалы отбасыларға көмектесу туралы шешім қабылдады. Олар азық-түлікке 50 пайыз жеңілдік жасап отыр. Бұл – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тамаша үлгісі. Әрине, біз барлық әкімдерге осы тәжірибені саралап, енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсындық.

Қазір жаңа жыл қарсаңында көптеген компаниялар корпоратив өткізіп, Ресей мен Қазақстанның эстрада жұлдыздарын шақырғысы келеді. Әрине, адамдардың еңбегін атап өтіп, ынталандыру керек шығар, бірақ бұл қаражатты мүмкін әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларды қолдауға берген дұрыс шығар. Ірі компаниялардың жетекшілері біздің бұл өтінішімізге түсіністікпен қарады. Мен осы үшін оларға алғысымды айтамын.

Биылғы жылы облыс орталығында шырша орнатуға бір тиын да шығарған жоқпыз. Бәрін демеушілердің есебінен жасадық. Бұл – жергілікті билік пен бизнестің бірлескен жұмысының жемісі. Қазақстандықтар бүгінгі өтпелі кезеңде әлеуметтік жауапкершілік танытуы тиіс.

**"Евразия" телеарнасы:**

***– Сіз «Аймақта тұрғын үй құрылысының қарқыны өсті» деп мәлімдедіңіз. Әйтсе де, үй сатып алушылар ипотека алуда. Ал сонда үй кезегінде тұрғандар баспанаға қашан қол жеткізеді? Екінші сұрақ елді мекендерді газдандыруға қатысты. Бір үйге газ кіргізу орташа есеппен 250-400 мың теңге тұрады, газ таратушы компаниялардың бағаны негізсіз көтеріп жібергенін қалай түсіндіруге болады, жалпы бұл бақылауға алынған ба?***

– Әрине, бәрі де бақылауға алынған, оның ішінде бағалар мен тарифтер де бар. Бізде жылуға 1 шаршы метрге – 90 теңге, суға 1 текше метрге – 61 теңге, кәріз суына – 65 теңге, электр энергиясына –16 теңге, газ 1 текше метрге –19 теңге. Бұл бағалар басқа аймақтардағы бағалардан жоғары емес. Батысымыздағы – Ақтөбе, солтүстігіміздегі – Қарағанды, оңтүстігіміздегі Оңтүстік Қазақстан облысымен салыстырғанда бізде қымбат емес. Алайда, ешкім коммунизм орнатайын деп жатқан жоқ. Қазақ «Судың да сұрауы бар» деген ғой. Бәрінің бағасы бар.

Үй құрылысына қатысты. Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бойынша өткен жылы 264 пәтер пайдалануға бердік, ал биылғы жылы 2652 пәтердің кілті тапсырылды. 53 көпқабатты үйді өткізіп жатырмыз. Қызылорда қаласында тұрғын үй құрылысы тек мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 8 есе өсіп отыр. Кезекте 16 мың адам тұр. Өсу динамикасын көре беруге болады.

**3. Today. kz сайты:**

***– Арал теңізі мәселелеріне қатысты. Бүгінгі экономикалық жағдай САРАТС-2 жобасына әсер етпей ме? Жалпы осы бағытта қандай жұмыстар жасалып жатыр?***

– Рахмет. Бізде бұл жобаны ғасыр жобасы деп атайды. Сіздер білесіздер, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Елбасымыз Н.Назарбаевтың ұсынысымен көршілес мемлекеттер басшылары Қызылордада бас қосты. Қорлар құрылды. Алайда көршілеріміз бұл мақсатта алға жылжыған жоқ. Тек Президентіміздің тапсырмасына орай Қазақстан ғана Дүниежүзілік банкпен келісім жасап, САРАТС жобасының бірінші кезеңін бекітті. Оның нәтиежелерін айта кетейін. Арал теңізі деңгейі 38 метрден 42 метрге көтерілді. Теңізді түгелдей сақтап қалу мүмкін емес. Біз тек солтүстік бөлігі туралы ғана айтып отырмыз. Су көлемі 20-дан 27 шақырым текше метрге көбейді. Судың тұздануы төмендеді. Израйль мен Иордания мемлекеттері шекарасындағы Өлі теңізде ешқандай тіршілік иесі жоқ. Онда тек ем алуға келеді. Судың тұздылығы сондай адамды батырмайды. Міне, Арал осындай теңізге айналуы мүмкін еді. Ол кезде теңіз жағадан 94 шақырымға алыстап кеткен еді. Ал жақында JPS-пен тексердік. Теңіз Арал қаласына 17 шақырым қалған. Балық аулау көлемі 20 есе өсті. Үш қана балық зауыты бар еді, қазір олардың саны сегізге жетті. Көксерке балығын Брюссельге шығарып жатырмыз. Екі еврокод алдық. 400 жұмыс орны ашылды. 11 мың тонна балық ауланады. Басқа өңірлерге көшіп кеткен аралдық балықшылардың барлығы қайтып оралды. Экспорт көлемі 3,6 есе өсті. Балықтың 22 түрі қалпына келтірілді.

Ал енді жобаның 2 фазасы туралы. Оны Елбасы қолдады. Дүниежүзілік банк қолдау білдіріп отыр. Өзбекстан әуелде жобаны қолдаған болатын. Жақын арада Дүниежүзілік банк сарапшылары және біздің Ауыл шаруашылығы министрлігі Су комитеті мамандары өзбекстандық әріптестерімен бас қосып, талқылайды. Жобаның екінші кезеңі жүзеге асқанда теңіз жағалауы ұлғайып, Арал қаласына жақындайды, көлдер жүйесі түгелдей қалпына келеді. Арал теңізінің солтүстік бөлігі түгелдей дерлік қалпына келеді.

**Total.kz сайты:**

***– Сұрағым еңбек дауларына қатысты. Мұнай саласында істейтін қытайлық жұмысшылар мен жергілікті адамдар жалақысының арасындағы айырмашылық жойылды ма? Биыл қанша еңбек даулары болды, оның қаншасы шешілді? Энергетика министрі Школьник мырза Үкімет отырысында 2016 жылы үлкен қысқартулар тек мұнайшыларда ғана емес, сондай-ақ мұнай сервисі компанияларында болады деп мәлімдеді. Сіздер бұған дайынсыздар ма? Қандай болжамдар бар?***

– Қытайлық және қазақстандық жұмысшылардың жалақысында сәйкессіздік жоқ. Кезінде анықталған проблемалық мәселелерді 2013 жылы облыстық прокуратурамен бірлесіп тексеріп, шештік. Жалақы қарызы бойынша 4,6 млн теңге қарыз сот шешімімен банкрот деп танылған «МИГ-XXI» ЖШС-на ғана тән. Біз барлық жұмыс берушілерге, тіпті костюміңді сатсаң да жалақы қарызыңнан құтыл деп талап қойғанбыз. Адамдар маңдай терімен тапқан еңбекақысын алып тұруы керек.

Ал қысқартуларға қатысты айтар болсам, мұнай сервисі саласында 29 мың адам еңбек етеді. Әрине, жұмыс көлемі екі есеге жуық қысқарды. 29 мың адамды отбасы мүшелерімен қоса есептегенде 145 мың адам мұнай саласына тәуелді. Сондықтан біз бәрімен меморандумға отырғанбыз. Жұмыс уақытын қысқарту жасағанмен, адамдарды қысқартпауға келіскенбіз. Біз осындай саясатты ұстанып келеміз. Облыс бойынша 500 адам жұмыстан қысқарды, жаңадан 11 мың жұмыс орнын аштық. Оның ішінде 8700 тұрақты жұмыс орны. Сауд Арабияның Мұнай және газ министрі «Тас ғасыры тастың бітуінен аяқталған жоқ. Сол секілді мұнай ғасыры да мұнай таусылуымен аяқталмайды» деген сөзін бекерге айтпағаны белгілі. Біз әлемдегі ірі мұнай компанияларының балама энергия көздеріне қатысты жобаларды қаржыландыратынын жақсы білеміз. Өйткені, олар болашағын ойлайды. Сондықтан, сервистік компанияларға бизнестің басқа саласына бет бұрыңдар дейміз. Егін шаруашылығындағы мемлекеттік қолдауларды пайдаланыңдар деп айтамыз.

**24.kz телеарнасы:**

***– Қызылорда қаласы іргесіндегі Талсуат елді мекеніндегі жүйке аурулары диспансерінің бірнеше жылдан бері пайдалануға берілмей келе жатқан туралы хабар болды. Оған не себеп, оны бітіруге қаржы қайдан табылады? Мердігерлер қайда?***

– 2013 жылы Қызылорда облысында салынып бітпеген жалпы құны 2 млрд теңге болатын 34 әлеуметтік нысан болды. Оның ішінде құрылысы 2008 жылы басталғандар бар еді. Әр нысанның өзіндік себептері бар. Жемқорлық, заң бұзушылық, құрылыс нормасынан ауытқушылық секілді мәселелер кездесті. Соның 33-ін іске қостық. Тек Талсуаттағы жүйке аурулары диспансері қалды. Оған республикалық бюджеттен барлық қаржысы беріліп болған. Ал компания банкротқа кетті. Нысан салынып бітпеген. Облыста осы мекеменің қызметін қажет ететін 600-ден астам адам бар. Бұл адамдарды денсаулығы жағдайына байланысты қоғамнан алшақ ұстау қажет. Оны бітіру үшін бізге 1,1 млрд теңге қаржы табу керек болды. Заң облыстық бюджеттен қаржы бөлуге жібермейді. Өте қажетті әлеуметтік нысан екенін ескеріп, мұнай компаниялары демеушілік көрсетіп, қажетті қаржы бөлетін болды. Енді оны 2016 жылдың алғашқы жартысында салып бітіреміз. Ғимарат талан-таражға түспесін деп бюджеттен қаржы бөліп, күзетші қойдық. Енді жарты жылдан кейін бұл нысанның жыры аяқталады.

**Жүгізуші:** Қырымбек Елеуұлы, біз тікелей эфирде 70 минуттай бірге жұмыс істедік Сізге бірге жұмыс істегеніңіз үшін рахмет! Сізге денсаулық, жетістік пен табыс тілейміз!













## ПІКІР–ПАЙЫМ

## ЖЕТІСТІГІ МОЛ ЖЕМІСТІ КЕЗЕҢ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың Орталық коммуникациялар орталығында журналистермен болған брифингін «24 kz» телеарнасы арқылы тамашаладым. Аймақ басшысы Қызылорда облысының экономикалық-әлеуметтік даму барысын кеңінен жеткізіп, журналистердің ондаған сауалдарына мазмұнды жауап берді. Осы орайда менің айтарым, Қырымбек Елеуұлы өз сөзінде 2013 жылы Сыр өңірінде 36 апатты жағдайдағы мектеп есепке алынса, ұйымдастыру жұмысының қарқынды жүргізілгенінен 25 мектептің ғимараты жаңадан салынып, пайдалануға берілгендігін тілге тиек етті. Енді қалған 11 мектепті жаңалау жұмысы дағдарыс жағдайына қарамастан, жергілікті мүмкіншіліктерді қарастыра отырып, жүзеге асатындығын да еске салды. Айтса айтқандай-ақ, мен де көргенімді ортаға салайын, осыдан бір апта бұрын Алмалы ауылдық округіне қарасты №21 бекетте 100 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді. Оны ашу рәсіміне облыс әкімінің өзі қатысып, осындағы тұрғындармен, аудан ардагерлерімен жақын жүздесіп сұхбаттасты. Көңіл көншітер көп жаңалықтарды естідік. Осы жерде қосарым, алдында ғана ауданымызда жаңа 3 мектеп пайдалануға берілген болатын. Онда қазір ауыл балалары білім алып, оқып жатыр. Бұл Сыр өңірінде Елбасы бағдарламаларының тиянақты атқарылып, өз деңгейінде жүргізілуін білдіреді.

Облыс басшысы аймағымызда индустриялық жобалардың қарқынды атқарылып жатқандығын да айтты. Расында жалпы құны 142,2 млрд теңгенің 37 жобасының жүзеге асырылып жатуы бұл орайдағы жетістікті білдіреді. Мәселен, Шиелі ауданының өзінде 2015 жылдың 1 қыркүйегіне Өңірлік индустрияландыру картасына екі жоба енгізілді. Оның бірі – «DANAKE» Корпорациясы» серіктестігінің цемент шығару зауыты. Жылдық қуаттылығы 1 млн. тонна цемент өндіретін жаңа жұмыс орнында 100 адам еңбек ететін көрінеді. Сондай-ақ, «KazChinNur» ЖШС-ның жобалық құны 150 млн. теңгенің шағылтас және құрылыс бұйымдарын өндіру зауытының құрылысы жобасы да қолға алынып жатыр. Демек, облысымызда барлық салада нақты жұмыстар жетерлік. Бұл жыл шынында да жетістігі көп жемісті жыл болды.

**Әбдішүкір БАТЫРБАЕВ,**
**Шиелі кенті ардагерлері кеңесінің төрағасы.**

## ӨРКЕНДІ ІСТЕР ӨРІСІ

Жақсының ісі – ортақ. Айбынды Астанамызда аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың БАҚ өкілдерімен өткізген брифингін көгілдір экраннан мұқият көріп шықтым. Әрі жақсы әсерге бөлендім. Тіпті, «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы» деген тақырыбының өзінен көп жайтты ұғындым.

Облыс орталығынан шалғайда орналасқан кент халқының табиғи көгілдір отынмен қамтылуы жылдың жағымды жаңалығы іспетті. Брифинг барысында Қырымбек Елеуұлының мұндай қадамның алдағы жылы да жалғасатынын жеткізуі қарапайым жандардың көңілінен табылғаны анық. Су – тіршілік нәрі. Сыр бойындағы қабырғалы қауымның ең сапалы, таза ауыз суды тұтынып отырғанын баршамыз жақсы білеміз.

Біздің облыста ауыл шаруашылығы – жетекші саланың бірі. Соған орай аталмыш салада көптеген ауқымды шаралар қолға алынуда. Әсіресе, ауыл шаруашылығын әртараптандыру, күріш кластерін дамыту, балық аулау, өңдеу, экспортқа шығару, мал тұқымын асылдандыру бағыты қарқынмен алға басуда. Мәселен, өзім жетекшілік жасайтын «Сыр маржаны» ЖШС 500 басқа арналған мал бордақылау алаңы құрылысын іске қостық.

Көршілес аудандағы «Аралтұз» АҚ-ның өнімдері шартарапта жоғары сұранысқа ие екені белгілі. Аймақ басшысы бүгінгі брифингте осы бағытта алдағы уақытта да шалымды шаруа атқарылатынын атап кетті. Облыста тұрғын үй құрылысы да жоғары деңгейде өскені, кәсіпкерлікті қолдау басты назарда екенін, балаларды балабақшамен қамту, апатты жағдайдағы мектептердің мәселесін шешу жолға қойылуда. Дағдарыстың өзінде ғасыр құрылысы атанған САРАТС-тың екінші кезеңін жалғастыру көзделуде. Бұл – аса қуанышты жайт.

**Мінажадин ӨТЕЕВ,**
**Қазалы аудандық мәслихатының депутаты,**
**«Сыр маржаны» ЖШС-ның директоры.**

## ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ

Кеше аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде республикалық БАҚ өкілдерімен кездесті. «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы» барысын баяндаған облыс әкімі өзінің мықты саясаткер және іскер басшы екендігін тағы бір дәлелдеді. Ол жиын барысында аймақта атқарылған және болашақта жүзеге асатын жұмыстарды жүйелі түрде жеткізді. Ірі өнеркәсіп орындарының салынатындығын, экономикалық қысылтаяң уақытта мыңдаған адам соның есебінен жұмыспен қамтылатындығын да айтты. Облыс әкімі өз сөзінде Сырдария ауданындағы әлеуметтік дүкен жұмысын көпке үлгі етті. Жергілікті билік пен кәсіпкерлердің жұмыла жұмыс жасауының негізінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың 50 пайыз жеңілдікпен азық-түлік алып отырғандығын хабарлады. «Бұл – жақсы бастама, басқаларға үлгі» деп, өз бағасын берді. Бұл аймақ кәсіпкерлерінің мерейін одан әрі арттыра түсті.

Сонымен қатар «ЭКСПО – 2017» көрмесіне орай туристерді жұлдызды қалашық Байқоңыр мен киелі «Қорқыт ата» кешеніне шақырып, қонақ қылмақ ниетін де жасырмады. Қазақта «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген жақсы сөз бар. Ендеше облыс әкімінің аймақ дамуы үшін жасап отырған мұндай бастамалары мен жоспарларының жүзеге асуы жолында біз де кәсіпкерлермен біріге аянбай тер төгуге дайынбыз.

**Д.МЫРЗАЛИЕВ,**
**Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы.**









**Жыл қорытындысына сәйкес облыстағы департамент, басқарма, инспекция басшылары «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында брифингтер өткізуде. Журналистермен жүздесу барысында құрылым жетекшілері әр салада атқарылған жұмыстарды саралап, кейбір мәселелерге кеңінен түсініктеме берді. Біз бүгін солардың бірқатарын оқырман назарына ұсынып отырмыз.**

Осы аптада облыстық статистика департаментінің басшысы Мәриям Баекеева аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының биылғы он бір айлық қорытындысы туралы БАҚ өкілдеріне жан-жақты хабарлама жасады.

## СТАТИСТИКА – ӨМІР СИПАТЫ



– Сыр өңірінің демографиялық процестерінде оң динамика байқалады,– деді департамент басшысы. – Соңғы он жылда халық саны 138 мың адамға көбейіп, ағымдағы жылдың 1 қарашасына 763 мың адамды құрады. Соңғы он айда туу көрсеткіші артып келеді. Осы кезеңде 16 мың сәби дүниеге келген. Қыздарға қарағанда ұлдардың дүниеге келуі басымырақ болғанымен, барлық жастағы ер адамдардың қайтыс болу көрсеткіші жоғары. Айта кетерлігі, осы кезеңде 103 жұп егіз бен 2 үшем дүниеге келді.

Баяндамашының айтуынша, үстіміздегі жылдың бірінші жартысында облыста өндірілген жалпыөңірлік өнім 537303,8 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,8 пайызға өскендігін көрсетеді. Ал еліміз бойынша облыстың өңірлік өнім үлесі 3,1 пайызды құрайды. Статистика есебіне жүгінсек, аймақтың бірқатар саласында да ілгерілеушілік байқалады. Өнеркәсіп өндірісі, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, өзара сауда, көлік қызметі салаларында айтарлықтай табысқа қол жеткен. Тағы бір айтарлығы, есепті мерзімде жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрады, бұл өткен жылдармен салыстырғанда жұмыссыздықтың азайғанын көрсетеді. Еңбекке ақы төлеу де жақсарды.

Сондай-ақ, өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 59,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда өнімнің 2,7 пайызға өскендігін байқатады. Облыстың жалпы егістік алқабы 167,3 мың гектар жерге орналастырылған, бұл өткен жылғыдан 5,7 пайызға артық.

Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу аймақтың жетекші саласы болып табылады, оның үлесіне өндіріс көлемінің 80,7 пайызы тиесілі. Саланың негізгі бөлігін мұнай өндіру кешені құрайды. Алайда, мұнай қорының табиғи азаюынан өндірістің төмендегені байқалады. Яғни, биылғы есепті кезеңдегі өндірілген мұнай өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 9,1 пайызға төмендеген.

Департамент басшысы журналистердің сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

**Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

## БУФЕРЛІК АЙМАҚТАН ШЫҒУ ШАРАЛАРЫ



Жуырда облыстық ветеринариялық бақылау басқармасының басшысы Ерсұлтан Әпетов ағымдағы жылы салада атқарылған жұмыстарды саралады.

Мемлекеттегі тұрақты эпизоотиялық ахуал еліміздің ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін дамытудың негізі болып табылады. Сондықтан ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамытудың маңызы зор. Ал оның мақсаты – ел аумағының орнықты ветеринариялық-санитариялық салауаттылығын қамтамасыз ету, түпкі тұтынушы, яғни, адам үшін тамақ өнімінің қауіпсіздігін сақтау.

Осыған байланысты облыс әкімдігінің арнайы қаулысымен ағымдағы жылы Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы құрылып, жұмыс жасауда.

– Үстіміздегі жылы облысқа эпизоотиялық іс-шаралардың алдын алу мақсатында аса қауіпті 15 түрлі жұқпалы ауруларға қарсы 5418,5 мың доза ветеринариялық препарат және 635,9 млн. теңге қаржы бөлінді. Ал жануарлардың энзоотиялық ауруларына қарсы дәрі-дәрмек сатып алуға соңғы жылдары облыстық бюджеттен тұрақты қаржы бөлініп келеді,– деді Ерсұлтан Әпетов.

Сонымен бірге, басқарма басшысы сарып індетіне қарсы 273,2 мың бас мүйізді ірі қара, 521,7 мың бас уақ мал диагностикалық тексеріліп, нәтижесінде ауру 56 бас мүйізді ірі қара, 531 бас уақ малдың анықталғанын айтты.

Қазіргі күні ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру маңызды іс-шаралардың бірі екенін баса айтқан басқарма басшысы үстіміздегі жылдан бастап бірдейлендіруге қажетті сырғалар мен ветеринариялық паспорт тегін қолданылатынын жеткізді. Бұған дейін ол мал иеленушілерінің қаржысынан жүргізіліп келген.

Қызылорда облысы буферлік аймақтан шығуға дайын. Келер жылы мамырда Парижде өтетін Халықаралық эпизоотиялық бюроның 84-ассамблеясы делегаттарының қарауына осындай шешім ұсынылмақ. Бұған басқарма басшысы брифингте арнайы тоқталды.

– Көктем-күз мезгілдерінде 566,3 мың бас ірі қара мен 1438 мың бас уақ малға екі реттен Ресейден шыққан вакциналар егілді. Сырттан келетін және өңірде шығарылатын жануарлардың қозғалысы тұрақты бақылауда. ХЭБ сарапшылары аусыл індетінен буферлік аймаққа шығу бағытындағы жұмыстарға қанағаттанды,–деді Ерсұлтан Әпетов.

Парижде өтетін жиында ұсыныс мақұлданған жағдайда ет экспортының әлеуетін арттыруға мүмкіндік тумақ.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## ТАБИҒАТ ЗАҢДЫЛЫҒЫН БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



БАҚ өкілдерімен кездесуде облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары М.Нұрмағамбетов табиғат заңдылығын бұзудың 565 дерегі анықталғанын жеткізді.

– Жалпы, табиғатқа келтірілген залал сомасы 6 млн. 266,4 мың теңгені құрады. Оның 71,6%-ы өндірілді. Заң бұзушыларға 4 млн. 485 мың теңге айыппұл салынып, оның басым бөлігі өндірілді. Сонымен қатар құқық қорғау органдарымен бірге өрескел заңбұзушылықтар тіркеліп, істері сотқа жолданды, – деді Марат Жалпақбайұлы.

Бүгінде заңсыз аң аулау бойынша 46 қылмыстық іс анықталып, оның 18-і сотта қаралды. Мемлекетке келген шығын – 7 млн 046 мың теңге. Ал орман заңнамаларын бұзу дерегіне орай 25 іс сотқа жолданып, 13-і бойынша шешім шығарылды. Мемлекетке келген 358,6 мың теңге шығын толығымен өндірілген.

Орман шаруашылығы бойынша Арал теңізінің ұлтанына 5000 га жерге сексеуіл және басқа ағаш түрлері отырғызылған.

Балық шаруашылығында көктем, күз айларында «Нерест», «Таза су айдындары» және «Шабақтарды құтқару» акциялары өткізілген.

Биоресурстардан, яғни балық аулаудан, артемия жұмыртқаларын жинаудан республикалық бюджетке облыстық инспекция 116 млн теңге қаржы түсірген. Сондай-ақ, табиғатқа залал келтіруші браконьерлерден бірнеше жеңіл көлік, оқ-дәрі, атыс құралдары тәркіленіп, мемлекет қарауына тапсырылған.

Қазіргі кезде инспекция қайта жаңғыртылған ғимаратқа көшіп, Оңтүстік Қазақстан облысындағы бас кеңсесі Қызылорда қаласына қоныс тепті. Жол талғамайтын жаңа 4 джип көлігімен қамтылған.

Брифинг барысында инспекция басшысының орынбасары табиғатты қорғау бағытында атқарылып жатқан шараларға қолдау танытып, тәртіп бұзушыларға бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

## ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР



Жыл қорытындысына арналған брифингте облыстық көліктік бақылау инспекциясының басшысы Ержан Жолдасов аймақтағы автомобиль жолдарының сақталуына бағытталған шаралар жайында хабарлама жасады.

Инспекцияның негізгі жұмысы автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз ету болғандықтан 5 мемлекеттік құзырлы органмен келісілген жоспарға сәйкес рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып тұрады. Рейдтің негізгі мақсаты – республикалық, облыстық және қалалық маңызы бар автомобиль жолдарының сақталуы мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Е.Жолдасовтың айтуынша, қаламыздағы ауыр салмақты автокөліктер бірнеше рейс жасамас үшін инертті материалдарды белгіленген салмақтан асырып тиеп, тасымалдауды жүзеге асыруда. Жыл басынан бері инспекциямен жүргізілген көліктік бақылау жұмыстарының нәтижесінде ҚР Көлік заңнамасы талаптарын сақтамаған 700-ден астам отандық және шетелдік құқық бұзушы ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оларға салынған айыппұл мөлшері мен жүріп өткені үшін алымның жалпы сомасы 260 млн теңгеден астам қаражатты құрайды. Ауыр салмақты автокөліктің белгіленген салмақтық параметрлерді сақтамауы көктем және жаз мезгілдерінде автомобиль жолдары жамылғысының тез бұзылуына әкеп соғады. Бұзылған автомобиль жолдары күрделі жөндеуді талап еткенімен, жол қозғалысының қауіпсіздігіне кері әсерін тигізеді.

Мамандардың айтуынша, автомобиль жолдарында келеңсіз жағдайлар орын алмау үшін автокөліктер техникалық байқаудан өтуі тиіс. Мәселен, облысымызда 149 мыңға жуық автокөлік тіркелсе, оның көбісі техникалық байқаудан өте бермейді екен. Е.Жолдасов осының салдарынан автомобиль жолдарында көптеген келеңсіз жағдайлардың орын алатынын жеткізді.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫ 2 ЕСЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ



Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жүргізілген түгендеу жұмыстары пайдаланылмай отырған көлемі 311,2 мың гектар 884 жер учаскесін анықтап берді. Оның ауқымды бөлігі мемлекетке қайтарылды.

Бұл туралы БАҚ өкілдеріне облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев хабарлады.

Ұлттық экономика министрлігі бекіткен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларына сәйкес облыста жерді ұтымды пайдаланудың ведомствоаралық әрекеттестігі жөніндегі іс-шаралары жоспары бекітілді.

Салық кодексі бойынша ауыл шаруашылығы жерлеріне жер салығының базалық салық мөлшерлемелері 5 есеге көтерілген. Осы орайда, қалалық және аудандық жер қатынастары бөлімдері ауыл шаруашылығы мақсатына жалға берілген жерлер бойынша қосымша шарттар жасауда. Заңнамада пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге белгіленген жер салығының мөлшерін он еседен асырмай жоғарылату нормасы бар. Осының негізінде қалалық, аудандық мәслихаттың шешімдерімен жер салығының мөлшері жоғарылатылған.

Қызылорда қаласының шекарасы соңғы 35 жыл ішінде алғаш рет өзгертіліп, 6644 гектардан екі есе ұлғайып, 13599 гектарға жетті.

Облыста жеке тұрғын үй құрылысына жер алу үшін тіркелген өтініштердің саны 92890-ды құрайды, оның 21754 өтініші қанағаттандырылды. Қалған 71136 өтініш арнайы кезекке қойылған. Қызылорда қаласында тұрғын үйге жер телімін алуға кезектілік мәселесі өзекті күйінде. Кезекте 46831 адам тұр.

Жеке тұрғын үй құрылысына алаңдарды дайындауға қомақты қаржы қажет. Қызылорда қаласының әкімдігі 980 гектарға түбегейлі жерге орналастыру жобасын дайындап, оның инфрақұрылымын дамытуды көздейді. Қала орталығында орналасқан «Арай», «Сабалақ» саяжайларының келешек даму жағдайын айқындау үшін қаланың бас жоспарын негізге ала отырып түгендеу шаралары жалғасып жатыр.

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы жерлерді орман қоры санатынан елді мекен жерлері санатына ауыстыру бойынша жоба әзірленді. Осы жылдың 25 қарашасында ҚР Үкіметі қаулысының түпнұсқасы, тиісті министрліктердің келісімі алынып, Премьер-министр кеңсесіне енгізілді.

**М.МЕРЕЙ.**

## АУҚЫМДЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ




Бейсенбі күні өткен брифингке облыстық әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева, ҚР Әділет министрлігіне қарасты облыс бойынша жылжымайтын мүлік орталығы директорының орынбасары Ғалым Қалжанов және Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасы филиалының басшысы Нұрымжан Саимов қатысты.

Биылғы жылдың қыркүйек айында Бүкіләлемдік экономикалық форум 2015-2016 жылға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебін жариялаған болатын. Оның қорытындысы бойынша Қазақстан 42-орынға тұрақтады. Осылай еліміз алғаш рет бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде үздік нәтиже көрсетті.

Жалпы, әділет органдарының басты міндеті – халыққа құқықтық қызмет көрсету, заң кеңесін беру және өз құзырына кіретін мәселелер бойынша заң бұзушылықтарды болдырмау мен оның алдын алу. Жыл басынан бері 687 заңды тұлға, 89 филиал мен өкілдік есептік тіркеуден өткен. Ал көрсетілген мерзімде шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген заңды тұлғалардың жалпы саны 323-ке жетті. Өткен жылдың қыркүйек айы мен биылғы жылдың желтоқсаны аралығында аудандық, қалалық әділет басқармаларына мүлікті жария ету жөніндегі мемлекеттік тіркеу үшін 765 өтініш түсіп, 753-і мемлекеттік тіркеуден өткен. Журналистерге жыл қорытындысын баян еткен әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева Елбасының Ұлт Жоспары «100 нақты қадамына» ерекше тоқталып, зияткерлік меншік құқығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу, сот актілерін орындау барысын да тарата айтты. Алимент өндіру ісі де назардан тыс қалмады. Брифингте Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасы филиалының басшысы Нұрымжан Саимов атқаратын негізгі қызметтері жайына тоқталса, жылжымайтын мүлік орталығының директоры Ғалым Қалжанов өз саласына қатысты ақпарат берді.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ АРТУДА



Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы облыс әкімінің бастамасымен заңға сәйкес республикада бірінші болып құрылып, өткен жылы өз жұмысын бастаған болатын. Сол жылы қыркүйек айында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде тапсырыс берушілер мен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері өкілдеріне заң аясындағы құқықтары түсіндірілді. Түсіндірме жұмыстары биыл да жалғасын тауып, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері арасында 378 млн 738 мың теңгенің 384 мемлекеттік сатып алуы өткізілген.

Сонымен бірге басқарма бірыңғай ұйымдастырушы болып, мүмкіндігі шектеулі жандарға емделу үшін санаторлық жолдама беру қызметіне конкурс өткізген. Әлеуетті өнім берушілер арасындағы бәсекелестіктің нәтижесімен 12,8 млн қаржы үнемделген.

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалымжан Ниязов осындай деректерді алға тартты. Бұдан әрі Ғалымжан Мұқырұлы облыс әкімінің былтырғы 21 карашадағы өкіміне сәйкес басқарма тарапынан тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағадан жоғары сомаға алынбауы және тиімді жұмсалуына жүйелі түрде талдау жұмыстары жүргізіліп отырғанын жеткізді. Айталық, мемлекеттік сатып алу веб-портал жүйесі арқылы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің төменгі, орташа және жоғары бағалары туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат зерделеніп, аймақтағы 610 мемлекеттік мекеменің 415 млн 304 мың теңгені құрайтын мәліметтері сарапталған.

Басқарма ұйымдастырған мемлекеттік сатып алуларға тоқталған басшы әлеуетті өнім берушілер арасындағы бәсекелестік нәтижесімен 17 млн теңге қаржы үнемделгенін жеткізсе, облыс, қала және аудан әкімдіктеріне қарасты тапсырыс берушілер 21 млрд 41 млн теңгеге мың екі жүз жетпіс бес мемлекеттік сатып алу жүргізілген. Жалпы үнемделгені 438 млн теңге.

Тапсырыс берушілер басқарманы ұйымдастырушы ретінде айқындап, 12 млрд 387 млн теңгеге алпыс бір мемлекеттік сатып алу өткізіліпті. Оның елу екісі конкурс болса, тоғызы аукцион. Үнемделген қаржы 118 млн теңге. Жалпы үнемделген 556 млн қаржының 438 млн немесе 78,2 пайызы облыстағы барлық тапсырыс берушілерге тиесілі болса, қалғаны басқарманың үлесі.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес басқарма биылғы шілде айынан бері қала және аудан әкімдіктеріне қарасты тапсырыс берушілерге кураторлық қызметті жүзеге асыруда. Соның дәлеліндей, бүгінге дейін 982 млн 777 мың теңгеге отыз бір мемлекеттік сатып алуға кураторлық жасалса, оның жиырма тоғызы – конкурс, екеуі – аукцион. Үнемделген қаржы 50 млн 292 мың теңге.

Басқарма қолға алған тың бастаманың бірі – «Заңдылықты бұзушылықтар тізілімі» электронды бағдарламасы. Электронды әкімдікті дамыту және мемлекеттік қызметтердің мониторингі бөлімімен бірлесіп жасалған бұл бағдарлама облыс әкімдігіне қарасты 23 басқарманы, Қызылорда қалалық әкімдігіне қарасты 15 бөлімді, сондай-ақ жеті ауданға қарасты 105 бөлімді және 147 кент пен ауылдық округ әкімдіктері аппараттарын қамтиды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## ЖҰМЫСШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ



Қызылорда облыстық еңбек саласын бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев БАҚ өкілдеріне басқарманың биылғы жылы ауқымды атқарылған жұмыстары мен жеткен жетістіктері жайында айтып берді.

Басқарманың негізгі қызметі ҚР Еңбек заңнамасының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Биыл мемлекеттік еңбек инспекциясы әртүрлі меншіктегі 322 мекеме мен кәсіпорынды тексерді. Нәтижесінде 469 заң бұзушылық фактісі анықталды. Соған сәйкес жұмыс берушілерге анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы 205 нұсқама берілді. Сонымен қатар Еңбек кодексі талаптарының бұзылуына жол берген жауапты лауазымды және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік жауапкершілікке тарту шаралары қабылданды. Жалпы көлемі 10 445 140 теңге мөлшерінде 83 айыппұл салынды. Еңбек заңнамасын бұзған лауазымды тұлғаларға қатысты іс қозғау үшін 38 іс жолданып, оның ішінде 23-і ішкі істер басқармасына, 15 талап арызды ұйғарымды мәжбүрлеп орындату үшін сот органдарына тапсырылған. Сондай-ақ, жұмыс орындарын қысқартуды болдырмау мен жалақы қарыздарын өндіру мақсатында бірмаша жұмыстар атқарылды. Мәселені шешу үшін облыстық прокуратура жанынан мүдделі мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғайтын кәсіподақ ұйымдарының қызметін үйлестіретін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылып, жүйелі жұмыс жасап келеді. Осы бағытта жүргізілген жұмыстардың арқасында жыл басынан бері жалақы қарызы 97 пайызға төмендеді. Мәселен, «МИГ-ХХІ» ЖШС мекемесінде 34 жұмысшыға 4,8 млн теңге жалақы қарызы орын алған. Бүгінде аталған серіктестік банкрот деп танылды. Тағы бір айта кетерлігі, өңір тұрғындарының арыз-шағымдары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары облыстық прокуратурамен бірлесе отырып жұмыс жасады. Тексеру қорытындысы және ықпал ету шараларын қолдану барысында 63 кәсіпорынның 5729 жұмысшысына 972 млн. теңге жалақысын өндіріп берді. Қазіргі кезде еңбек инспекциясы облыс көлеміндегі мекемелер мен кәсіпорындардың жалақыға қарыздарын өтеу жөніндегі мәселені ұдайы назарда ұстап, тұрақты қадағалауда. 2015 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 50 жазатайым оқиғаны тіркеп, оның ішінде 14-і еңбек қызметімен байланысты емес екені анықталды. Еңбек қызметімен байланысты тіркелген 36 жазатайым оқиғада 43 адам зардап шегіп, 7-і қаза болған. Көбіне өндірістік жарақаттанулар мұнай-газ, құрылыс, автокөлік салаларында кездеседі екен.

Брифинг барысында басқарма басшысы Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде дайындалған жаңа Еңбек кодексі 2016 жылдың 1-қаңтарында қолданысқа енетінін жеткізді. Онда еңбек шартында біршама жеңілдіктер қарастырылғанын да атап өтті.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

**Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Меңлібаев өткізген брифинг «Қызылорда облысында мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы» тақырыбына арналды. Жиында жоба үйлестірушілері мен қоғамдық бірлестік төрағалары жыл бойы атқарған жұмыстары жайында хабарлама жасады.**

## ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ



2015 жылы өңіріміздегі жастар саясатын дамытуға арналған «Жол картасы» аясында 16 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры «Облыстық жастар форумын ұйымдастыру» мен «Өңірлік Дельфийлік ойындарды ұйымдастыру» әлеуметтік жобаларын өткізді. Шараға аймақтан түрлі номинациялар бойынша 80-ге жуық шығармашыл жас қатысып, аталған байқаудың республикалық деңгейдегі ойындарына жолдама алды.

Ал «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігі ұжымы «Жасыл ел» еңбек жасақтарына жастарды көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына тартуды ұйымдастыру» жобасын сәтті іске асырып, студенттердің бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал етті. Биыл бұл еңбек слеті өңір бойынша 1000-нан астам жасты қамтып, аймағымыздың гүлденуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік туғызды. Бұдан бөлек, «Өркениетті Қазақстан», «Облыс бойынша «Жас Отан» корпоративтік қоры», «Жас ғалымдар альянсы», «Ұшқыр Жебе», «Қорқыт елі – Қармақшы», «Жігер» облыстық спортшы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері сынды сан түрлі ұйымдар аймақ дамуына атсалысып келеді. Жалынды жастардың басын қосқан орталықтар оларды салауаттылыққа тәрбиелеп, ел әлеуетін бірге көтеруге жұмылдыруда ерекше маңызға ие. Жиын соңында облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Ақмешіт жастары» газетінің бастамасымен ұйымдастырылған «Тәуелсіздік толғамы» атты облыстық жас тілшілер арсындағы байқаудың жеңімпаздары арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.**

## ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ




ҚР ҚМ Қаржылық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Марат Егембердиев пен инспекция басшысының орынбасары Қайрат Тұрымтаев жыл бойы атқарылған жұмыстар жөнінде журналистерге баяндады.

Ағымдағы жылдың 12 айында 250 бақылау объектісіне барлығы 281 тексеру жүргізілсе, оның 158-і осы жылға арналған жұмыс жоспарына байланысты атқарылған.

Аталған мерзімде анықталған жолсыздықтардың жалпы сомасы 6915417,9 мың теңге, оның ішінде 1687408,1 мың теңге, яғни, 24,4 пайызы қаржылық бұзушылықтар бойынша және 5228009,8 мың теңгеге, 75,6 пайызында бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау ережесін бұзғандығы анықталған.

Мемлекеттік органдардың қаржы-шаруашылық қызметтеріне талдау жүргізгенде бюджет қаражаттарының қажеттілігін дұрыс жоспарламау, қаржыландыру жоспарына енгізілетін шығындардың болмауы, іссапар шығындарын, еңбекақы төлеудегі жолсыздықтар және дебиторлық берешектерінің жіберілуі, сонымен бірге, автокөлік құралдарын пайдалануға берілген лимиттен асып кету секілді жолсыздықтар жиі қайталанған.

– Қолданылған шаралар нәтижесінде 368 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, оның ішінде төртеуі қызметінен босатылды, 143 лауазымды тұлғаға заңдылығына сәйкес айыппұл салынып, өндірілді. Бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактілеріне сәйкес мәмілелерді жарамсыз деп тану жөнінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 18 талап-арыз беріліп, оның 17-сі бойынша сот шешімі шығарылса, бір азаматтық іс сот органында қаралу барысында,– деді инспекция басшысының міндетін атқарушы Марат Егембердиев.

Сондай-ақ, есепті кезеңде құқық қорғау органдарына барлығы 1222899 мың теңгеге анықталған қаржылық заң бұзушылықтарымен 21 бақылау материалы процессуалдық шешімдер қабылдау үшін жолданған.

**Барлыбек БАТЫР.**

# УӘЛИХАН

Ұмытпасам 2010 жылдың қараша айының соңғы күндерінің бірі болуы керек. Зейнетке шықсақ та жеңіл-желпі қызметтен қол үзбей жүрміз ғой, "Халық" газетінің редакциялық кеңесінің төрағасымын. Бөлме шағын болғанымен жылы, жайлы. Сондай жаңа қызметке бой үйретіп жүрген шақта жұмысқа Олжабай Сапарбаев ағамыз арнайы соқты. Кәдімгідей қуанып қалдым. Ағамыз беделді, байсалды кісі, бір рулы елдің алдына шығып, сөзін сөйлейтіндей жағдайы бар ағалы, жайсаң жан. Ол алдымен мені жаңа жұмыс орныммен құттықтай отырып, аяғын әзілге шаптырып: – Әскербек, аттан түссең де, ерден түскен жоқсың, соныңа да шүкіршілік жасаймыз, – деді. Одан әрі келген шаруасына көшті.

– Осыдан бірер күн бұрын Шымкенттен Уәлихан телефон шалды, – деді. – Саған сәлем айтты. Әйелі Альмираның анасы Мәкен апайдың жылдық асын береді екен, соған шақырып жатыр. Бүгін кешке пойызға шығамыз, ертең азанда Шымкентте болуымыз керек, соған дайын болғайсың...

Сонымен Олжекең екеуміз кешкі пойызға шықтық. Ағамыз кәдімгідей әзірленіп, жолазығын молдау қамдаған екен, соны ішіп жай отырып, әңгіме араластық.

– Осы Уәлихан інімізге қайран қаламын, – деп бастап, аз үзіліс жасады да, әрі қарай шабыттанып сөйлеп кетті. – Бұл өзі туабітті оңтүстіктің түлегі ғой. Ал енді ол Қызылордаға жастай келді. Жамбылдың гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылордадағы филиалын қолдан құрып, соның бар ыстық-суығына төзіп, ақыр аяғында беделді институтқа айналдырды. Бұл екінің бірінің, егіздің сыңарының қолынан келетін іс емес. Бұған ақыл да, қажыр-қайрат та, ең бастысы төзім керек. Уәлихан соның бәрін бастан кешірді, қиналды да, төзді де, алайда босаңсып, сыр алдырған жері жоқ. Ал енді осындай азаматтар ғой қолға алған ісінің көсегесін көгертетін. Сан алуан, қым-қуат шаруаның басында жүріп, ғылыммен де айналысып, ғылым докторы, профессор дәрежесіне қол жеткізді. Ойлай отырсам, ол жиырма жылдай өмірін Сыр топырағында өткізіп, осы өңірдің рухани дамуына ауыз толтырып айтарлықтай қомақты үлесін қосты. Осы кезеңде ол басқарған оқу орны қаншама мамандар даярлап шығарды десеңізші. Оның бер жағында оқу орнының оқытушылар құрамын жасақтау оңайлыққа түсті дейсің бе? Уәлиханның ел аралап, жұрт жағалап дегендей, институтқа жер-жерден жарамды маман ұстаздар іздестіріп жүргенін көзіміз көрді. Ай, сабаз-ай, ақыры бар ауыртпалықты жеңіп шықты. Соның арқасында өзі де халықтың құрметіне бөленді, алғысын алды. Қалалық, облыстық кеңестің депутаты, обкомның, қалалық партия комитетінің мүшесі болды. Қысқасы, ол Сыр еліне өзінің туған ұлындай қызмет етті, жергілікті халық та оның еңбегін бек бағалады.

Ел алдында, халық ауызында жүрген ағамыздың Уәлихан туралы тебіреніп айтқан лебіздеріне іштей риза болып мен отырмын, соны сезгендей ол да кеңінен көсіліп, жеке қатынастарын, сыйластықтарын баян етті. Одан әрі Уәлиханның әкесі, кезінде облыстағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшысы болған Қозыке жайлы да жылы лебіздерін білдіре отырып, ол кісінің өнерпаздығын ерекше атады. Арасында қайрылып соғып, Уәлиханның келіншегі, қарындасымыз Альмира хақында да толағай толғап, бір қауым сыр шертті.

Олжабай ағамыздың теңіздей тебіреніп, арнасының ашылғандай шағы еді ол. Тыңдаудан тапжылмай, мүлгіп мен отырмын. Әлдебір уақытта Олжекең тізгін тартқандай болып:

– Әскербек, манадан бері Уәлиханның құлағын біраз шулаттық білем, енді демалайық, – деді.

Купенің жарығын сөндірген соң Олжекең көп ұзамай-ақ ұйқыға кетті. Мен болсам ояумын. Мезгілінен аударып кеш жатсам ұйықтай алмайтын әдетім бар. Соған басып әрі аунап, бері аунап біраз жаттым. Болмаған соң жаңа бір әзірде Олжекеңнің айтқанын жалғастырғандай болып, Уәлихан туралы ойларға берілгендей едім.

Ректор Уәлихан Бишімбаевпен бұрынырақта таныс-біліс болсақ та, ақжарқын араласқұраласымыз беріректе басталды. Оған себепші болған менің студенттік жылдардан досым Өтеп Төлебаев еді. Ол Алматының жоғары партия мектебін бітірген соң жаңадан құрылған Торғай облысында обкомның нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің хатшысы болып қызмет етіп, енді елге оралып, Қызылорда облыстық партия комитетінің мектеп және жоғары оқу орындары бөлімінде қызмет етіп жүрген. Кісі танығыш, адамдармен араласқыш Өтекең қызмет бабында Уәлиханмен қатынасып, жақсы жарасып кетті. Бұл оясын тапқан оңды істей көрінді маған. Өтекеңнің бастауымен отбасы болып араласатын жағдайға да жеттік. Себеп, сылтауын тауып, бірбіріміздің үйімізде болып, емен жарқын, еркін араласып жүрдік. Жұртты жақындастырып, адамдарды араластырудың шебері еді ғой Өтекең. Өкініштісі сол, ол көп ұзамай өмірден өтті. Қатты қайғырдық. Қайран азамат-ай, ауырған соң Арқадан туған топырағына оралған екен ғой...

Күйініші мен сүйініші, қуанышы мен жұбанышы алма-кезек алмасып, бірде көңілдендіріп, енді бірде қайғыртып өтіп жатқан қайран тіршіліктің әр кезде әр қиырынан табылғандай күй кешіп келеміз. Өтеп досым өмірден өткен соң көп ұзамай мені обкомның бюросы облыстық газеттің редакторы етіп бекітті. Ол кезде Сейілбек Шауханов ағамыз обкомның бірінші хатшысы болатын. Менің жаңа лауазымға ие болуыма ол кісінің, әрине, тікелей көмегі болды. Бұрын редакторлық орынбасары болып бірнеше жыл жұмыс істеп келген маған жаңа жұмыс бөлендей қиындыққа түскен жоқ. Оның есесіне көкжиегім кеңігендей, жоғары-төменмен аралас-құраласым кең жол ашылғандай әсерде едім.

Жаңа қызмет барысында Уәлиханмен жиірек жолығысатын болдық, ол ректор, мен редактор дегендей. Әртүрлі мәселелерді қамтитын, әрқилы жиындар мен басқосулардан қалмаймыз. Сондай-сондайда жылы ұшырасып, жымыңдасып жүретініміз.

Бір жолы Уәлихан маған телефон шалды.

– Әсеке, ақылдасатын шаруа болып тұр, – деді.

– Айта бер, ақылымыз жететін шаруа болса, аянып қалмаспыз.

– Миға салмақ салатын бөлендей күрмеуі қатты іс емес, – деп Уәлихан күліп алды, содан соң айтар шаруасына көшті. – Шымкенттен қарындасыңыз Альмираның анасы, менің енем, сіздің бауырыңыз Мәкен апай келген. Сол кісі мені осы жолы кәдімгідей састырды.

– Уәлихан-ау, сен сасатындай не мәселе, – деймін шыдамсызданып.

– Апайыңыз айтады: “Қызылордаға талай келіп жүрмін, қарсы алып, күтіп, оң қабақ танытып, қалбалақтап қалатыныңа қатты ризамын. Айтар алғысым аз емес, көсегең көгерсін! Ал енді осында менің рулас туыстарым бар шығар, солармен мені неге таныстырмайсың? – дейді.

– Ол кісінің ойы орынды екен, – деймін мен де ойланғандай болып. Біраздан бері аралас-құралас бола жүріп, ру сұраспағанбыз ғой. Сондай заман еді ғой ол кез. Альмираның анасы бауырыңыз деуіне қарағанда Мәкен апай менімен рулас болды ғой...

Менің ойымды оқығандай болып Уәлихан: – Әсеке, апайыңызға айтайын, бірнеше туыстарыңыздың атын атап, түсін түстеңізші, – деді. Мен сәл-пәл ойланғандай болып барып, өзім білетін азын-аулақ ағайынның аты-жөнін айтып берген едім.

Содан бір-екі күн өткен соң Уәлихан мені өзім атын атаған төрт-бес ағайындарыммен қосып үйіне шақырды. Арасында Олжабай, Өтеген секілді ағаларым бар еді. Бұл бір керемет кездесу болды. Үйде Мәкен апайдан басқа Уәлиханның әкесі Қозыке, анасы Мария бар екен. Сыңайы, бұлар Шымкенттен бірге келген тәрізді.

Менің бар ықыласым Мәкен апайға ауғандай еді. Апай сыртынан да сымбатты келісті кісі екен. Жасы жерортадан ауса да, түсін алдырмаған, асылдың сынығындай, ардақты жандай болып көрінді маған.

Мәз-мәйрам, шадыман шаттыққа толы басқосу барысында алғашқы сөзді Мәкен апай алып, алдымен осындағы туысқандарымен табыстырған Уәлиханға алғыс сезімін білдірді. Одан әрі өзі туралы сөз қозғап:

– Мен өзі Жезқазған жағының қызымын, – деді. – Отызыншы жылдардың қуғын-сүргін заманына тура келді ғой біздің балалық шағымыз. Байдың ұрпағы болған соң, сол зор зобалаңнан қашып, інім екеуміз Шымкенттен бірақ шықтық. Сондағы балалар үйінде тәрбиелендік. Қысқасы, оңтүстікте есейдік, ержеттік, отбасын құрдық, – дей келіп апай ат басын бізге бұрғандай болып: – Туған жерден ерте кетіп, ағайын-туыстан ерте қол үзген соң, қанша дегенмен қандастарыңды аңсайды екенсің. Жасың ұлғайған сайын солай бола береді екен. Бүгін өздеріңмен табыстырып отырған Уәлиханға рахмет. Ал енді менің қуанышымда шек жоқ. Жолдарың түсіп Шымкентке барып жатсаңдар, тіпті Оңтүстікте апамыз бар еді деп арнайы соқсаңдар да болады, – деп ондағы мекенжайын атады.

Қазақ қарап отыра ма, бір рудың өзін жіктеп, жіліктеп, нақтылай түсетініміз тағы бар ғой. Сол сыңайдан соққанда Мәкен апайдың ең жақын туысы мен болып шықтым. Апаймен төрт-бес атадан барып қосылады екенбіз. Жеті атаға дейінгіні бауырым деп бағалайтын қазақ үшін бұдан асқан туысқандық, жақындық бола ма?!

Мәкен апай мені қасына шақырып, маңдайымнан иіскеп, бетімнен сүйді. Сол сәтте ол кісі қатты толқулы еді. Менің де жанарыма жас үйірілгендей болды.

Бұл басқосудың көрігін қыздырып, шырайын шығарған Қозыке ағай еді. Ұзын бойлы, ашаң келген бұл ағамыз үлкен өнерпаз екен. Домбыра алдырып, бірнеше күй тартты. Сол қолының салалы саусақтары перне бойлап емін-еркін қозғалады, ал оң қолы домбыраның бетін жеңіл желіп, жанға жайлы үн шығарады.

Бәріміз жамыраса қол соғып, ризашылығымызды білдіріп жатырмыз. Ортамызда отырған Олжекең баршамыздың ықыласымызды білдіргендей болып:

– Аға, мынадай өнеріңізбен оның жолына неге түспегенсіз? – деді. Қозыке ағай сәл жымиып күлді де: – Інім-ай, жас кезде кісі бойындағы қабілетін бағалай біле ме, оның бер жағында мамандықты таңдап, талғап жүруге мүмкіндігіміз бола бермеген шығар. Бізге бұйырғаны мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау болды ғой.



Шүкір, жаман болғанымыз жоқ. Өнердің жолын қумасақ та, домбыраны тастаған емеспін, көңілім ауғандай болған шақтарда шертетінім бар, – деді.

Осындай көтеріңкі көңіл жағдайында ас желініп, тәтті тілектер айтылып жатты. Айтары жоқ, көпке дейін ұмытылмайтындай әдемі кеш еді ол.

Келесі күні Мәкен апай сол Уәлиханның үйіндегі құрамда біздің үйде қонақта болды. Апай жақын бауырының отбасына келгендей көтеріңкі көңіл күйінде еді. Менің балаларымның, әйелімнің беттерінен сүйіп, батасын берумен болды. Мұнда да жақсы тілектер айтылған жайдары отырыс болды. Қоштасарда апай: – Әскержан, айналайын, Шымкентке қыдыр, апаңның үйін көр, қонақ бол, – деп қайта-қайта айтумен кетті.

Уақыт деген опасыз ғой, Шымкентке әне барам, міне барам деп қу тіршіліктің қамымен жүргенде жыландай жылжып жылдар өте шығыпты...

Енді, міне, сол ардақты апайымыздың жылдық асына келе жатқан жағдайымыз бар.

Біз мінген пойыз таңертең ертелетіп Шымкент станциясынан тізгін тартты. Біздерді Уәлиханның жігіттері қарсы алып, қонақүйге орналастырды. Сол күні түсте Мәкен апайдың үйінде болып, салауат айттық, қол жайып, құран бағыштадық. Уәлиханмен, қарындасымыз Альмирамен осында көрістік. Қызылордадан Сұлтан, Қуандық, Серікбай секілді азаматтар да келген екен. Олармен осында ұшырасып, қатарымыздың қалыңдағанына көңіліміз орныға түскендей болды.

Қызылордалықтардың келгеніне Уәлихан мен Альмира аса қуанышты еді. Жалпылдап қызмет етіп, ауыл-елдің аман-саулығын қайта-қайта сұрағыштап жатты.

Ертеңіне Шымкенттің көп мейрамханасының бірінде Мәкен апайдың жылдық асы берілді. Келушілердің қатары мол. Мейрамхананың үлкен залы лық толды. Қозыке ағайға осында жолығып, сәлем бердік. Жарықтық, ұлғайып, шау тартып қалғандай екен. Дегенмен санасы сау, ойы орнықты, айтары анық. Біздерге ризашылығын білдіріп, батсын беріп, қызылордалықтарға сәлемін айтты.

Ас беру, той өткізу жағынан шымкенттіктерге ешкім шақ келмейді ғой. Мәкен апайдың асы да айтарлықтай болып өтті.

Содан бері де бес жылдың жүзі ауыпты. Осынау аз ғана жылдар ішінде біраз жаңалықтар, орынды, орынсыз оқиғалар болды. Бұл күнде Қозыке, Олжабай сынды ағаларымыз арамызда жоқ. Жаны жәннатта, имандары жолдас болсын! Мына ғаламда кім тірі жүре берер дейсің.

Ал қуанатынымыз сол, біздің досымыз Уәлихан Бишімбаев қазір республика Ғылым академиясының академигі, Республика Парламентінің депутаты. Ал Сыр топырағынан түлеп ұшқан ұлы Қуандық Бишімбаев бүкіл елге танымал тұлға, еліміздегі ең ірі холдингтің басшысы, Елбасының сенім артқан кадры.

Енді қорытындыда айтарымыз, мына шағын мақалада абзал азамат, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Уәлихан Бишімбаевтың сан қырлы, сан қатпарлы өмір жолының бір ғана сәтін баяндаумен ғана шектелдік. Өмір болса, сәтін салса, оның бүкіл ғұмырын таразыға тартқандай етіп таратып жазармыз дегендей де ойдамыз.

Уәлихан Бишімбаев 2016 жылы жетпіс жасқа толады. Бұл асқаралы жасқа ол өзгелерден атын оздырып, шаршамай, шалдықпай, абыройын асырып, жігіт қалпында жетіп отыр.

Жетпіс жасың құтты болсын, Уәлихан!

**Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ.**

## МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

# КӘСІБИ БІЛІГІ БЕКЕМ ЖОЛ БӨЛІМШЕСІ

Астана қаласындағы «ҚТЖ» ҰК АҚ ғимараты төрінде ҚР Тәуелсіздігі күніне орай өткен салтанатты шарада Ұлттық компания президенті Асқар Мамин «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы Қызылорда жол бөлімшесі директоры, Қызылорда облыстық мәслихаты депутаты Аманкелді Арысбаевқа «Құрмет» орденін, Қызылорда локомотив пайдалану депосының нұсқаушы-машинисі Серік Наурызбаевқа «Ерен еңбегі үшін» медалін тақты.

Еліміздегі заманауи жаңғыртулар тұғырлы Тәуелсіздіктің жемісі. Болашаққа сенімді қадам жасаушы салалардың ішінде теміржолшылар өрелі өзгерістер басынан табылып, ел дамуына өз үлестерін қосуда. Мәселен 2001-2014 жылдар арасында 2,5 мың шақырымдық жаңа темір жолдар салынып, мыңдаған жан тұрақты жұмыспен қамтылды. Осылардың ішінен 272 шақырымы біздің облыс аумағынан өтетін «Жезқазған-Бейнеу» теміржол тармағы Орталық Азия, Қытай, Таяу Шығыс елдерімен арадағы сауда айналымының ауқымын кеңейткен төте жол болып саналады.

Қызылорда жол бөлімшесі теміржолшылары заман талабына орай жаңашылдықты ілкімді игеретін кәсіби мамандар. Олардың арасында өзара көмек, білімге құштарлық, кәсіби жауапкершілік өңірде болат жол салу жұмысы бастау алған сонау өткен ғасырлардың басынан қалыптасса керек. Салада осы кәсіпті жалғастырушы әулет өкілдері де аз емес.

Соңғы жылдары Ұлттық компания филиалдары арасында біздің Қызылорда теміржолы бөлімшесі үнемі алдыңғы қатардан көрінсе, жекелеген мекемелер (мәселен, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі, қалпына келтіру пойызы, локомотив пайдалану деполары) жалпы жыл қорытындысында жеңімпаз деп танылып келеді.

Теміржолды экономиканың тірегіне айналдыра білген кәсіби мамандар саланың ел әлеуетін көтерудегі салмағын арттыра беретіні анық. Елбасы Жолдауларында да да жолаушылар мен жүк тасымалының басты бағытты қамтитыны айқындалып, салаға айрықша мән беріледі. Бұл бағытта Сыр теміржолшылары да жүйелі жұмыс жасап келеді. Мысалы бөлімшеде жолаушылар пойыздары ағымы мен жүк тасымалы едәуір ұлғайды.

Өткен жылдың тамыз айында Елбасының рұқсатымен іске қосылған «Жезқазған-Бейнеу» тармағының «Қоскөл-Сексеуіл» телімімен қазіргі таңда тәулігіне бірнеше жұп жүк пойыздары жүргізілуде. Осы тармақ бойында теміржол нысандары салынып, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуы ұдайы қадағалануда. Төрт жүз елуге жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып, әр бекет пен стансада теміржолшыларға арналған баспаналар пайдалануға берілмекші. Сексеуіл станциясында теміржолшыларға қос пәтерлі 8 үй пайдалануға берілсе, алдағы уақытта тағы 30 қос пәтерлі үй болат жол еңбеккерлерінің баспанасына айналады.

– Биыл жылдағы дәстүріміз бойынша Ұлттық компания филиалдары арасында алдыңғы орыннан көрінеміз деп сеніммен айта аламыз. Себебі осы уақытқа дейінгі көрсеткішіміз жаман емес. Мысалы, бөлімше бойынша орта тәуліктік жүк тиелімі 111,7%, орта тәуліктік жүк жөнелтілімі 117,4%, статистикалық жүктеме 104,7%, жүк вагондарының айналымы 108,4%, жергілікті вагондар айналымы 105,3%, учаскелік жылдамдық 100,8% және техникалық жылдамдық 100,3%-ға артығымен орындалуда. Мұның барлығы аймақтағы теміржол мекемелері басшыларының біліктілігі мен сол ұжымдарда жұмыс жасап жүрген 10 мыңға жуық теміржолшының еңбегі, олардың кәсіби міндетін айқын сезініп, жауапкершілік жүгін мойымай көтере білгенінің нәтижесі деп білемін. Облыс басшысы Қырымбек Көшербаев та аймақ теміржолының дамуына аса көңіл бөліп келеді. Атакәсіпті жалғастырушы теміржолшылардың әулеттік дәстүрін құрметтеп отыратындығын да атап өткеніміз орынды болар еді. Аймақ басшысының осындай қолдауы біздің жұмысқа деген құлшынысымызды арттырып, жігерлендіреді,-дейді «Құрмет» орденінің иегері Аманкелді Арысбаев



жол бөлімшесінің жұмысы жайлы.

Қазіргі таңда сала ардагерлері кеңесінің есебінде 2982 зейнеткер бар. Қызылорда жол бөлімшесі осы ардагерлерге «ҚТЖ» Ұлттық компаниясы» мен ҚР теміржолшылары кәсіби одағының 2012-2014 жылдарға арналған ұжымдық келісім шартына сәйкес әлеуметтік көмек ретінде 22 572 000 теңге бөлді.

Қазіргі заман талабына бейімделген аймақ теміржолшылары еңбек өнімділігін арттыру үшін жаңашыл ұсыныстар жасап, туындыларын өндірісте кеңінен қолдануда. Биыл Қызылорда жол және магистральдық желі бөлімшелері бойынша 68 өнертапқыштық ұсыныс, 64 техникалық жаңалық, 8 рет ақпараттық парақша жиынтығы дайындалған. Олардың бәрі жергілікті бөлімшеде комиссиялық сүзгіден өткізіліп, Ұлттық компания құзырына жөнелтілді. Биылғы жылғы өнертапқыштық ұсыныстардың жалпы экономикалық тиімділігі 1 млн 071 мың теңгені құраған және де олардың бірсыпырасы өндірісте кеңінен қолданысқа енген.

Персоналды кәсіби оқыту арқылы теміржолшылардың біліктілігін жетілдіріп, тәжірибесін арттыру Ұлттық компанияның кадр саясатының негізгі бағыты болғандықтан бөлімшеде мамандардың біліктілігін арттырып шеберлік шыңдау жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады. Бұл салада теміржолшылар мамандығына орай Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларындағы технологиялық орталықтарға жіберіліп, тәжірибелерін шыңдап отырады.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ.**

# “ЖЕҢІСТІҢ” ЖІГЕРЛІ ЖОБАЛАРЫ

**2015 жылдың 23 қазанында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында «Қазақстанда іске асырылатын үздік әлеуметтік жобалар» республикалық көрмесіне облыс тарапынан «Мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жасау бойынша әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасының авторы «Жігер» спортшы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің жетекшісі М.Жұмаділаев қатысып, арнайы жүлдені иеленді.**

Сонымен қатар, қоғамдық бірлестік осы жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау бағытында мүгедектерді қашықтықтан үйде оқыту қызметі» әлеуметтік жобасын жүзеге асырып келеді. Жоба аясында электронды түрде «Сайттарды құру және басқару», «Вэб-дизайын негіздері», «Бизнестің негіздері және ғаламтордағы жұмыс», «Ағылшын тілі, 2 деңгейде: Elementary, Pre-Intermediate», «Психология» пәндері бойынша қашықтықтан оқыту курстары ұйымдастырылды. Қашықтықтан оқыту курсына облыста тұратын 50 мүмкіндігі шектеулі жан тартылды. Курстарды оқытуға біліктілігі жоғары мамандар тартылды. Қашықтықтан оқуды жүзеге асыру мақсатында арнайы edu.zhiger.kz сайты ашылды. «Сайттарды құру және басқару», «Вэб-дизайн негіздері», «Бизнестің негіздері және Ғаламтордағы жұмыс», «Ағылшын тілі, 2 деңгейде: Elementary, Pre-Intermediate», «Психология» курстары бойынша оқу-әдістемелік құралдар дайындалды.

Облыстың жоғарғы оқу орындары мен техникалық оқу орындарында оқитын мүмкіндігі шектеулі жастардың электронды базасы (e.zhiger.kz) жасақтады.

Бұған қоса “Жігер” қоғамдық бірлестігі Сырдария мен Шиелі аудандарында «Спорт бізді біріктіреді» спорттық турнирлерін өткізді. Облыстық мүгедектерді оңалту орталығында «Шаңырағым - шаттығым» атты мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиелеп отырған отбасылар байқауын, көркемсурет галереясында «Самғау» атты мүмкіндігі шектеулі жастардың көркем шығармашылық көрмесі, «Үздік студент-2015» техникалық және кәсіптік білім ұйымдарында оқитын мүмкіндігі шектеулістуденттердің облыстық байқауын ұйымдастырды. Тұрақты түрде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға құқықтық кеңестер беріліп келеді.

**Мұрат ЖҰМАДІЛАЕВ,**
**«Жігер» Қызылорда облысының спортшы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің жетекшісі.**

ЖОБА

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**2016 ЖЫЛҒА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ**

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдау қатынастарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Мәслихат хатшысы**
**Сессия төрағасы**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2016 жылғы «___» _______№____шешіміне
қосымша

**2016 ЖЫЛҒА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАУ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

| № | Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың атауы | 2. | Жаңақорған ауданы: |
|---|---|---|---|
| | I. Ауданаралық (қалааралық облысішілік) | 1) | Жаңақорған-Құттықожа-Шалқия |
| 1) | Қаратерең-Әйтеке би | 2) | Жаңақорған-Билібай-Байкенже |
| 2) | Қарашалан-Әйтеке би | 3) | Жаңақорған-Жаңарық-Әбдіғаппар |
| 3) | Көмекбаев-Қызылорда | 4) | Жаңақорған-Машбек |
| 4) | Жалағаш-Жосалы | 5) | Жаңақорған-Өзгент |
| 5) | Аққыр-Қызылорда | 6) | Жаңақорған-Түгіскен |
| 6) | Жаңадария-Қызылорда | 7) | Жаңақорған-Келінтөбе |
| 7) | Іңкәрдария-Қызылорда | 8) | Жаңақорған-Қаратөбе |
| 8) | Сейфуллин-Қызылорда | 9) | Жаңақорған-Қандөз |
| 9) | Ботабай-Қызылорда | 10) | Жаңақорған-Жайылма |
| 10) | Ортақшыл-Қызылорда | 11) | Жаңақорған-Кейден |
| 11) | Телікөл-Қызылорда | 12) | Жаңақорған-Талап |
| | II. Ауданішілік (кентішілік) | 13) | Жаңақорған-Бірлік-Қыраш-Қосүйеңкі |
| 1. | Қазалы ауданы: | 14) | Жаңақорған-Қожакент |
| 1) | Кәукей-Ажар | 15) | Жаңақорған-Сүттіқұдық-Қожамберлі-Төменарық |
| 2) | Әйтеке би-Водокачка | 16) | Жаңақорған-Сунақата-Екпінді |
| 3) | Әйтеке би-Сарбұлақ | 17) | Қорғантоғай-Сыр Диирмені (кентішілік) |
| 4) | Әйтеке би-Шәкен | 18) | Жаңа ауыл-МАИ бекеті (кентішілік) |
| 5) | Аксуат-Әйтеке би | 19) | Б. Майлин-Алтынсарин (кентішілік) |

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 605361, факс 8 (7242) 605362 prd@korda.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Табиғат қорғау шараларын іске асыру бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің жүктілігіне байланысты демалыс уақытында 1.04.2016 жылға дейінгі аралықта (D-O-4 санаты, 1- бірлік).** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**1. Негізгі функционалдық міндеттері:**

«Жасыл экономикаға» көшу тұжырамдамасының орындалуын үйлестіру; қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер мен меморандумдар әзірлеу; қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына беру; қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тарту; қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу; қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз ету; коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету; қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлеу; тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну; парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу; қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету; коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлеу; келіп түскен тапсырмалардың, ұсыныстардың, хаттардың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің мерзімінде жауап берілуін қамтамасыз ету. Заңнамамен жүктелген басқа да функцияларды атқару.

**2. Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Жаратылыстану ғылымдары (экология) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, есеп және аудит) немесе құқық (құқықтану) мамандығы бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, есеп және аудит, қаржы, менеджмент) немесе құқық (құқықтану) білімі барларға рұқсат етіледі.

3. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:
1) нысанға сәйкес өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 232-кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 233 бөлмеде әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**D-O-4- санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

# «ӘЛЕУМЕТТІК ТАКСИ» ҚЫЗМЕТІ

Облыстық мүгедектер қоғамы бірлестігінің мақсаты мүгедектерге заңгерлік және ақпараттық көмектер көрсету, мүгедектердің заңды құқықтарының сақталуын қадағалау болып табылады.

Аймақ басшысының қолдауымен тұрақты түрде қаламызда «Инватакси» әлеуметтік қызметін көрсетіп келеді. Қазіргі таңда бұл жұмыс аудандарда да жалғасуда. Арнайы автокөлік мүгедектерге қала ішінде жүріп-тұруына жағдай жасайды. Айта кетейік, жұмыс жергілікті бюджеттен қаржыландырылуда.

Жобаны облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асыруда.

Аталған қызмет түрін Қызылорда қаласында тіркелген бірінші топ мүгедектері пайдалана алады. Оған облыстық мүгедектер қоғамына өтініш білдіруі қажет. Инватаксидің әлеуметтік қызметін пайдалану барысында тиісті құжаттарды өтініш, жеке куәлік, мүгедектігі туралы анықтамасы, жеке оңалту бағдарламасы, мекенжай анықтамасы мен көшірмелері, оның ішінде тапсырыс берушінің мүгедектігін растайтын №035-1/у үлгідегі медициналық ұйымның қорытындысы болуы тиіс. Көлікке тапсырыс алдын-ала өтініші бойынша бір күн бұрын қабылданады. 27-81-49 байланыс телефонына қоңырау шалып, өзінің тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, баратын жері көрсетіліп, байланыс телефондары жазылады.

Арнайы автокөлік көрсетілген мекен-жайға жеткеннен кейін пайдаланушының 20 минут күтеді. Егер ол белгілі себеппен сол уақытта шықпаса, келесі тапсырыс берушіге бағыт алады. Бұл жағдайда қызмет көрсетілген болып есептелінеді. Автокөлікке отырарда пайдаланушы тұлға жүргізушіге өзін куәландыратын жеке куәлігін, мүгедектігі туралы анықтаманы, жеке оңалту бағдарламасының парағын көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың көмекшісі болуы қажет. Тапсырыс берушінің жеке куәлігі және жеке көмекшісі еріп жүрушісі болмаса, қызмет көрсетілмейді. Тапсырыс беруші автокөлікті пайдаланып болғаннан кейін орындалу актісіне қол қояды. Сондай-ақ, шағымын немесе ұсынысын қалдыра алады.

**Досхан ҚЫРЫМОВ,**
**Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы бірлестігінің төрағасы.**

# 2015 ЖЫЛДЫҢ 3–ТОҚСАНЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ ТІРКЕЛГЕН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

| № | НҚА реквизиттері | НҚА атауы | Тіркеу нөмірі және күні | Реттеу саласы |
|---|---|---|---|---|
| | Қызылорда облысының Әділет департаменті | | | |
| 1. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 маусымдағы №112 қаулысы | “Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 01 шілдеде №5036 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 2. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 маусымдаєы №43/4 шешімі | «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» | 2015 жылғы 01 шілдеде №5037 | Әлеуметтік қамсыздандыру Сақтандыру |
| 3. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 маусымдағы №113 қаулысы | “Жалағаш аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 02 шілдеде №5038 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 4. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №124 қаулысы | “Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі №276 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 02 шілдеде №5039 | Еңбек |
| 5. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №125 қаулысы | “Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы №1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 02 шілдеде №5040 | Еңбек |
| 6. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 08 маусымдағы №27 қаулысы | “Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 02 шілдеде №5041 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 7. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 01 шілдедегі №44/2 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы” Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №37/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 08 шілдеде №5042 | Қаржы |
| 8. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №117 қаулысы | «Жаңақорған ауданы әкімдігінің регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 08 шілдеде N 5043 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 9. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №126 қаулысы | “2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 ақпандағы №12 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 08 шілдеде №5044 | Еңбек |
| 10. | Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №155-қ қаулысы | «2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5045 | Білім |
| 11. | Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 маусымдағы №41/2 шешімі | «Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5046 | Қаржы |
| 12. | Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 маусымдағы №41/3 шешімі | «Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5047 | Қаржы |
| 13. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы №125 қаулысы | «Жаңақорған ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5048 | Көлік |
| 14. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №118 қаулысы | “Жаңақорған аудандық құрылыс бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы | 2015 жылғы 13 шілдеде №5049 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 15. | Қызылорда облысы Шиелі ауданы Төңкеріс ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 19 маусымдағы №15 шешімі | «Атауы жоқ көшеге атау беру туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5050 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 16. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 маусымдағы №22 шешімі | «Жаңақорған ауданының Өзгент ауылдық округі Өзгент ауылының атауы жоқ көшелеріне беру туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5051 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 17. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 маусымдағы №43/5 шешімі | “Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы” Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы №27/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 13 шілдеде №5052 | Әлеуметтік қамсыздандыру. Сақтандыру |
| 18. | Қызылорда облысы мәслихатының 2015 жылғы 10 шілдедегі №279 шешімі | «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | 2015 жылғы 13 шілдеде №5053 | Қаржы |
| 19. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 08 маусымдағы №28 қаулысы | “Мұрағат анықтамаларын беру” мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы | 2015 жылғы 14 шілдеде №5054 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 20. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 08 маусымдағы №29 қаулысы | Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы | 2015 жылғы 14 шілдеде №5055 | Денсаулық сақтау |
| 21. | Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 09 шілдедегі №42/3 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 15 шілдеде №5056 | Қаржы |
| 22. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 22 маусымдағы №910 шешімі | Жаңақорған кентінің көшелеріне атау беру туралы | 2015 жылғы 16 шілдеде №5057 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 23. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімінің 2015 жылғы 11 маусымдағы №737 шешімі | “Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы” Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі №516 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 16 шілдеде №5058 | Қаржы |
| 24. | Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы №321 шешімі | “Қазалы аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы” Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы №193 шешіміне өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 16 шілдеде №5059 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 25. | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 шілдедегі №539 шешімі | «Көшелерге атау беру туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5060 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 26. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі №931 шешімі | «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5061 | Ауыл шаруашылығы |
| 27. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі №26 шешімі | «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5062 | Ауыл шаруашылығы |
| 28. | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 маусымдағы №3630 қаулысы | «Қызылорда қаласы жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5063 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 29. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 09 маусымдағы №33 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5064 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 30. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 маусымдағы №34 қаулысы | «Ақпарат саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 17 шілдеде №5065 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 31. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 маусымдағы №45 қаулысы | «Мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 22 шілдеде №5066 | Мәдениет |
| 32. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы №52 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 22 шілдеде №5067 | Білім |
| 33. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы №37 қаулысы | «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 23 шілдеде №5068 | Құрылыс |
| 34. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 15 шілдедегі №45/1 шешімі | «“2015-2017 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы” Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №37/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 24 шілдеде №5069 | Қаржы |
| 35. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 маусымдағы №55 қаулысы | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы | 2015 жылғы 27 шілдеде №5070 | Тұрғын үй-коммуналдық заңдар. Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету |
| 36. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы №127 қаулысы | “Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы | 2015 жылғы 27 шілдеде №5071 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 37. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі №91 қаулысы | «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 28 шілдеде №5072 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 38. | Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 шілдедегі №296 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы №254 шешіміне өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 28 шілдеде №5073 | Қаржы |
| 39. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 шілдедегі №17 шешімі | «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» | 2015 жылғы 29 шілдеде №5074 | Ұлттық қауіпсіздік. Қоғамдық тәртіпті қорғау |
| 40. | Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №550 қаулысы | «Шиелі ауданы жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 29 шілдеде №5075 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 41. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №79 қаулысы | “Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы | 2015 жылғы 29 шілдеде №5076 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 42. | Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 шілдедегі №183-қ қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 03 шілдедегі №237 шешімі | «Арал қаласының көшелері мен тұйығын қайта атау туралы» | 2015 жылғы 30 шілдеде №5077 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 43. | Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 шілдедегі №242 шешімі | «“2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 206 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 30 шілдеде №5078 | Қаржы |
| 44. | Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 шілдедегі №284 шешімі | Қармақшы ауданында орналасқан “Қорқыт ата ескерткіш кешені” тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафт аймағының шекарасын бекіту туралы | 2015 жылғы 30 шілдеде №5079 | Ғылым |
| 45. | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 шілдедегі №3908 қаулысы | «2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 30 шілдеде №5080 | Білім |
| 46. | Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 шілдедегі №282 шешімі | «Қызылорда облысы аумағында құрылыс салу Қағидаларын бекіту туралы» | 2015 жылғы 31 шілдеде №5081 | Құрылыс |
| 47. | Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №83 қаулысы | «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 31 шілдеде №5082 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 48. | Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 шілдедегі №321 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №265 шешіміне өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 06 тамызда №5083 | Қаржы |
| 49. | Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №275 шешімі | «Жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы» | 2015 жылғы 06 тамызда №5084 | Қаржы |
| 50. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 шілдедегі №12 қаулысы | «2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 06 тамызда №5085 | Білім |
| 51. | Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №274 шешімі | «“2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 225 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» | 2015 жылғы 06 тамызда №5086 | Қаржы |
| 52. | Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №43/4 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 06 тамызда №5087 | Қаржы |
| 53. | Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 шілдедегі №45-3 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №41-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | 2015 жылғы 06 тамызда №5088 | Қаржы |
| 54. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №85 қаулысы | «Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (егіс алқаптарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы» | 2015 жылғы 06 тамызда №5089 | Ауыл шаруашылығы |
| 55. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №144 қаулысы | «“Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 07 тамызда №5090 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 56. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті әкімінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №32 шешімі | «Жосалы кентінің көшелеріне атау беру туралы» | 2015 жылғы 07 тамызда №5091 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 57. | Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 шілдедегі №325 шешімі | «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» | 2015 жылғы 07 тамызда №5092 | Әлеуметтік қамсыздандыру. Сақтандыру |
| 58. | Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №281 шешімі | “Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы” аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 қарашадағы № 64 шешіміне өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 11 тамызда №5093 | Әлеуметтік қамсыздандыру. Сақтандыру |
| 59. | Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №280 шешімі | “Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы” Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы №188 шешіміне өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 11 тамызда №5094 | Әлеуметтік қамсыздандыру. Сақтандыру |
| 60. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 шілдедегі №231 қаулысы | “Сырдария аудандық жер қатынастары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 11 тамызда №5095 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 61. | Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 283 шешімі | “Қармақшы аудандық мәслихат аппараты” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 12 тамызда № 5096 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 62. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №251 қаулысы | «Сырдария ауданының жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 12 тамызда №5097 | Еңбек |
| 63. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №84 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 13 тамызда №5098 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 64. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 шілдедегі №88 қаулысы | «Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы» | 2015 жылғы 13 тамызда №5099 | Қаржы |
| 65. | Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 шілдедегі №45-14 шешімі | Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 13 тамызда №5100 | Әлеуметтік қамсыздандыру. Сақтандыру |
| 66. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №100 қаулысы | «2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» | 2015 жылєы 13 тамызда №5101 | Ауыл шаруашылығы |
| 67. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №101 қаулысы | Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің құнын субсидиялау туралы | 2015 жылғы 13 тамызда №5102 | Ауыл шаруашылығы |
| 68. | Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі №93 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 13 тамызда №5103 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 69. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 шілдедегі №181 қаулысы | «Қазалы ауданы жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 18 тамызда №5104 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 70. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі №188 қаулысы | «Қазалы ауданы бойынша мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы» | 2015 жылғы 18 тамызда №5105 | Әлеуметтік қамсыздандыру |
| 71. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №98 қаулысы | «Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 18 тамызда №5106 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 72. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы №167 қаулысы | 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы | 2015 жылғы 18 тамызда №5107 | Білім |
| 73. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 шілдедегі №18 қаулысы | «Қармақшы ауданының жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 20 тамызда №5108 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 74. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі №162 қаулысы | Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы | 2015 жылғы 20 тамызда №5109 | Денсаулық сақтау |
| 75. | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі №4010 қаулысы | “2015 жылға Қызылорда қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы” Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы №2739 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | 2015 жылғы 20 тамызда №5110 | Еңбек |
| 76. | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 24 шілдедегі №3978 қаулысы | “Қызылорда қаласы әкімдігінің регламентін бекіту туралы” Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы №2970 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | 2015 жылғы 20 тамызда №5111 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 77. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №252 қаулысы | “Сырдария ауданы әкімінің аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы | 2015 жылғы 20 тамызда №5112 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 78. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы №173 қаулысы | «Жаңақорған ауданы жергілікті атқарушы органдарының “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 20 тамызда №5113 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 79. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 тамыздағы №205 қаулысы | «Қазалы ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 25 тамызда №5114 | Білім |
| 80. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №197 қаулысы | “Қазалы ауданы әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 25 тамызда №5115 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 81. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2015 жылғы 06 тамыздағы №207 шешімі | «Әйтеке би кентіндегі кейбір көшелерді қайта атау туралы» | 2015 жылғы 25 тамызда №5116 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 82. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №253 қаулысы | «Сырдария ауданы әкімдігінің регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 25 тамызда №5117 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 83. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №198 қаулысы | «Қазалы ауданы әкімдігінің регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 26 тамызда №5118 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 84. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 шілдедегі №95 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 27 тамызда №5119 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 85. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы №262 қаулысы | “Сырдария аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы | 2015 жылғы 27 тамызда №5120 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 86. | Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы №341 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 266 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» | 2015 жылғы 28 тамызда №5121 | Қаржы |
| 87. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №99 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 01 қыркүйекте №5122 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 88. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 03 қыркүйектегі №46/1 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы” Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №37/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 07 қыркүйекте №5123 | Қаржы |
| 89. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 тамыздағы №171 қаулысы | “Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 07 қыркүйекте №5124 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 90. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы №125 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 08 қыркүйекте №5125 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 91. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №123 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 08 қыркүйекте №5126 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 92. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №130 қаулысы | «Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 09 қыркүйекте №5127 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 93. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы №118 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 10 қыркүйекте №5128 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 94. | Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы №343 шешімі | “Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» | 2015 жылғы 11 қыркүйекте №5129 | Қаржы |
| 95. | Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 тамыздағы №178 қаулысы | “Жаңақорған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және аутомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 16 қыркүйекте №5130 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 96. | Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы №342 шешімі | “Жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 16 қыркүйекте №5131 | Қаржы |
| 97. | Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №294 шешімі | “2015-2017 жылдарєа арналған облыстық бюджет туралы” Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5132 | Қаржы |
| 98. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №189 қаулысы | “Жалағаш ауданы әкімдігінің “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы №99 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5133 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 99. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қыркүйектегі №141 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5134 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 100. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қыркүйектегі №143 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5135 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 101. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі №37 қаулысы | “Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5136 | Әлеуметтік қамсыздандыру |
| 102. | Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысы | “Жалағаш ауданы әкімдігінің “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы №99 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5137 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 103. | Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы №222 қаулысы | “Қазалы ауданының ветеринария және ветеринариялық бақылау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы №24 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» | 2015 жылғы 8 қыркүйекте №5138 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 104. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы №265 қаулысы | “Сырдария аудандық ауылшаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 18 қыркүйекте №5139 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 105. | Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі №289 қаулысы | “Сырдария аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 18 қыркүйекте №5140 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 106. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 03 қыркүйектегі №46/9 шешімі | “Қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» | 2015 жылғы 22 қыркүйекте №5141 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 107. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы №127 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 22 қыркүйекте №5142 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 108. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қыркүйектегі №142 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 22 қыркүйекте №5143 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 109. | Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №47/1 шешімі | “2015-2017 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы” Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №37/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 23 қыркүйекте №5144 | Қаржы |
| 110. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қыркүйектегі №150 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №940 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» | 2015 жылғы 25 қыркүйекте №5145 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 111. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қыркүйектегі №144 қаулысы | «Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» | 2015 жылғы 25 қыркүйекте №5146 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |
| 112. | Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қыркүйектегі №145 қаулысы | «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» | 2015 жылғы 25 қыркүйекте №5147 | Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару негіздері |


## Хабарлама

«ПҚВИ» ҚФ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Дощан кенішіндегі жобалық тереңдігі 3800 (±250) метрлік барлау-пайдалану ұңғымаларын орнатудың топтық техникалық жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)» жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны (7242) 29-99-52.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПҚВИ» ҚФ «Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Дощан кенішіндегі жобалық тереңдігі 3800 (±250) метрлік барлау-пайдалану ұңғымаларын орнатудың топтық техникалық жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)» жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және murat.mambetov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-99-52.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің 2015 жылдың 23 желтоқсанында өткізілген жиналыс хаттамасына сәйкес Ақжарма ауылдық округіне Баймұрат батыр Байбөріұлының есімін беру туралы жалпы жиналыс 2015 жылдың 26-желтоқсаны күні сағат 10.00-де ауылдық клуб үйінде өтетінін барлық ауыл тұрғындарына хабарлаймыз.

## Жарамсыз деп есептелсін

Ермаханов Нуржан Сериковичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қызылжарма-3 тұрғын ауданы, 9-көше, №21 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-027-431, №0214734 18.02.2013 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Сары Мұхамеджан Жаладинұлының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы №163 орта мектепті 18.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ 0729547 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы театр қызметкері Темірбек Сағымбаевқа анасы

**Сағымбаева Қатира Мырзағалиқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


## Еске алу



Желтоқсанның 28 жұлдызында бірімізге ізетті іні, бірімізге қадірлі аға, қимас бауыр, балаларына қамқор әке, жарына адал серік, арқасүйер дос бола білген Ботпанов Аян Әнуарбекұлының бақилық болғанына 40 күн толғалы отыр. Осыған орай, бауырымызды қимастықпен еске алып, іздейтінімізді, сағынатынымызды төмендегі шумақтар арқылы бәріміздің атымыздан білдіргенді жөн көрдім:

Жеткенде «суық хабар»
Сене алмай,
сенделдім-ау.
Айырылып қапелімде,
Қалғаным енді мынау.

Тым қымбат екеніңді,
Тірлікте білмеппін-ау.
Кетер деп менен бұрын,
Қаперге ілмеппін-ау.

Қаратпас алды-артына,
Дүние, дүрмексің-ау.
Біреуге шабансың да,
Біреуге жүрдексің-ау.

Тебісіп тай-құлындай,
Тете өскен інім едің.
Түсінсе мені біреу,
Сен едің түсінетін.

Сапына үлкендердің,
Сыпайы еніп едің...
Не шара жазмыш солай,
Тек үнсіз күрсінемін...

***

...Бір ауық алған тыным
Адамдай –
жатқан түрің.
Есімде қалып қойды,
Бақұл бол, қайран інім!..

Еске алушы:
**ағасы Данабек.**

МЕРЕЙТОЙ

# ДАНАЛЫҚ ІЛІМІНІҢ АБЫЗЫ



Қазақ философиясының бәйтерегіне айналған академик Досмұхамед Кішібеков 90 жасқа толды. Осы аптада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында білім ошағының алғашқы түлегі, философия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Досмұхамед Кішібековтің мерейтойына арналған «Тұлға тағылымы» атты кеші өтті.

Салтанатты шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, философия ғылымының докторы, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры Ұлықпан Сыдықов, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшим Есмағамбет, Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры, саяси ғылымдар докторы Әбдіжәлел Бәкір, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ доценті, философия ғылымдарының кандидаты Тимур Кішібеков және университеттің профессор-ғалымдары мен студент-жастар қатысты.

Жиынды филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы жүргізіп отырды. Кездесудің ашылуында университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов академик Д.Кішібековтің өнегелі өмірі мен отандық ғылымға қосқан өлшеусіз үлесіне тоқталып, ғалымды университет ректоратының шешімімен «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен» марапаттады.

Философия саласында дара танылған академик жайлы әріптес-замандастары Ұ.Сыдықов, Ә.Бәкір, университет ғалымдары Қ.Құдайбергенұлы, О.Бермахановтар естеліктер айтып, мерейтой иесінің тұлғалық болмысына тоқталды. Ғалым Ұлықпан Сыдықов Сыр топырағы қазақтың қабырғалы азаматтарын түлеткен киелі мекен екендігін атап өтті. «Осындай ұлт мақтаныштарының бірі – «Қазақ философиясының бәйтерегі» Досмұхамед Кішібеков», – деді.

Ғылымға жастайынан құмартқан Д.Кішібеков 1965 жылы В.И.Ленин атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми Кеңесінде диссертация қорғап, 40 жасында философия ғылымдарының докторы атанды. 1996 жылдан Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің профессоры.

Өзінің отандық ғылымға қосқан өлшеусіз үлесі үшін 2003 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды. 800-ден астам ғылыми еңбегі, 70-тен астам монографиясы мен кітаптары жарыққа шыққан. Бүгінде академиктің ғылыми дәлеленген құнды пікірлері қоғам дамуына өз септігін тигізіп келеді.

Кездесу соңында қатысушылар «Философия – адамзаттың даналық ілімі» атты кітап көрмесін тамашалады.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ



# ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІККЕН

**Ақ күрішті аялап өсіретін Сыр диқандары үшін биылғы жыл аса жемісті болды. Ал Сырдария ауданындағы «Мағжан және К» ЖШС жиын-терін қорытындысы бойынша аймағымыздағы “Озат егін шаруашылығы” деп танылды. Табысты серіктестікті 2005 жылдан бері елі үшін елеулі қызмет жасап жүрген азамат Дархан Ералиев басқарып келеді.**



Біз Сырдария ауданына қарасты Нағи Ілиясов ауылына арнайылап ат басын бұрдық. Мақсатымыз гүлденген ауылдың тыныс-тіршілігін тарқату емес, еліміздегі ең іргелі шаруашылықтың тізгінін ұстаған еңбекқор азаматпен тілдесіп, соңғы 5 жыл қатарынан үздіктер көшін бастаған шаруашылықтың табыс формуласымен танысу еді. Өйткені, еңбекқор азамат жетекшілік ететін «Мағжан және К» ЖШС талай рет биік көрсеткіштерге жетті. Нақты кезеңде бүкіл елге гүлденген ауыл ретінде танылған Нағи Ілиясов ауылын аяғынан тік тұрғызып, бүгінгі биікке жеткізген ағайынды Ералиевтер екенін жалпақ ел біледі. Ал мұнан он жыл бұрын бәрі де басқаша болатын.

Әңгімелесе келе байқағаным, Дархан Жұмашұлы өзі туралы айтуға жоқ. Есесіне, ол өзінің өмірін арнап, бақытын тапқан еңбекті тақырыпқа тамызық етті: – «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қанатты сөздің астарында үлкен мән бар. Табысымыздың сыры – бірлікте, тынымсыз еңбек пен озық технологияға және табысқа деген құштарлықта», – деп бастады әңгімесін серіктестік директоры.

Иә, жетістікке жету қашан да оңай болмаған. Ал оны үнемі өсіріп отыру одан да қиын. Кешегі ауыр кезеңде ауылдағы ағайын жерді игере алмай, егіс көлемі күрт азайып кетті. Осындай қиын күндердің бірінде, дәлірек айтсақ, 2002 жылдың күзінде ағайынды Абзал мен Дархан Ералиевтер ауылдастарына өз тағдырларын өз қолына алатын мезгілдің туғанын айтады. Туған жердің жанашыр перзенттеріне сенгендер қатары аз емес еді. Келер жылдың көктемінде Дархан Ералиев «Мағжан және К» ЖШС құрып, несібелерін Жер-Анадан терген 70 ауыл азаматының басын біріктірді. Жаңа шаруашылықтың тиімділігі алғашқы жиын-терімнен соң-ақ жұртқа мәлім болады. Келесі жылы тағы 100 отбасы екі мың гектарлық жер үлесімен жаңа серіктестікке кірді. Осыдан көп ұзамай-ақ ауылдағы барша түтін кәсіпкер ағайындылар құрған шаруашылықта еңбек етуге ынта білдірді. Алайда, ауылдағы мүлік пен тұрғындардың жер үлесі банк кепілдігінде болатын. 2005 жылы қарыз көлемі бақандай 210 млн теңге, ал өсімімен қоса алғанда 300 млн теңге болатын. Осындай қомақты қарызды тек еңбек өнімділігін арттырып, сапалы әрі мол өнім жинағанда ғана қайтаруға болатын. Тәуекелге бел буған кәсіпкер Абзал Ералиев туған ауылына инвестиция салды. Бұл шынымен де көзсіз ерлік еді. «Абзал және Компания» толық серіктестігі инвестор болып табылатын «Мағжан және К» ЖШС-нің айы бірден оңынан туа қоймағанын осыдан байқауға болады.

Бұрын қараусыз қалып, тозуға айналған егіс алқаптары бүгінде қайтадан қалпына келтірілген. Каналдар тазартылып, оларға жаңадан шлюздер салынады. Сегіз танапты ауыспалы егістік жер бастапқы қалпына түсті. Орталық қырман соңғы үлгідегі астық тазартқыш агрегаттармен жабдықталды. Ағайындылардың ендігі арманы ауылға күріш өңдейтін жапондық зауыт орнату. Айта кетейік, серіктестік 2003 жылы 650 гектарға күріш егіп, оң әр гектарынан 45 центнерден өнім алған еді. Аталған шаруашылық 2009 жылға дейін күріш өндірумен айналысып келсе, осы жылдың екінші жартысынан бастап элиталық тұқым шаруашылығы деген мәртебеге ие болады. Өнімнің шығымды болуы тұқымнан екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Қазір «мағжандықтардың» облыс шараушылықтарын сапалы тұқыммен қамтамасыз етіп отырғаны баршаға мәлім.

Д.Ералиевтің басқаруындағы шаруашылық еңбеккерлері күріш сорттарының бірнеше түрі бойынша өнімділікті арттыру және тауарлы күріштің сапасын жақсартуда жемісті еңбек етуде. Мәселен, соңғы 5-6 жылда күріштің «Янтарь», «Лидер», «Фишт», «Анаит» сорттары жерсіндірілді. Ал ресейлік «Бальдо», «Османчик», «Виктория», «Диамант», өзбекстандық «Гульжахон», «Ситора», «Истикбол» және «Истиклол» күріш сорттарын жерсіндірілу жұмыстары тиянақты жүргізілуде. Мұның барлығы ағайынды Ералиевтердің Бүкілресейлік күріш ғылыми-зерттеу институтының, Кубань мемлекеттік аграрлық университетінің және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауының нәтижесі. Міне, ел аузында жүрген «Мағжан және К» шаруашылығы ауылды гүлдендіріп, ондағы ағайынның әлеуетін көтеріп қана қоймай, ауқымды шаруаны ғылыми тұрғыдан жетілдіріп, зерттеп, маман-кадр дайындау ісіне ден қойып отыр.

Бүгінгі таңда өз өнімдерін алыс-жақын шет елдерге экспорттап отырған серіктестіктің күріш алқабы 4000 гектарға жетті. Ал шаруашылық диқандары әр гектардан 62 центнерден өнім жинады. Бастысы, жыл сайын алынатын өнім көлемі өсуде. Соңғы 10 жылда гектарынан 45-тен 62 центнерге жету, әрине, аз олжа емес. Айтуынша, алдағы уақытта егістің әр гектарынан 70 центнерден өнім алу жоспарланып отыр. – Бұған жетуге мүмкіндігіміз мол. Сапалы тұқым, озық технология, тыңайтқыш пен гербицидтер бар. Бұған қоса, италияндық «Мара» атты лазерлік жер тегістегіш техника алдық. Біз жыл сайын мың гектар жерді тегістеп, егіске дайындап қоямыз. Алдағы уақытта күріш егісін 6 мың гектарға ұлғайтамыз деп отырмыз, – дейді серіктестік басшысы Дархан Ералиев.

Біз бұған сендік. Өйткені, еңбекқор азамат облыстағы ең іргелі шаруашылыққа жетекшілік жасай жүріп талай рет биік көрсеткіштерге жетті, ал Абзал Ералиев Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Айта кетейік, Дархан Жұмашұлы биыл Мемлекет басшысының Алғыс хатын алып, министрліктің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Туған жерге еңбекпен ту тіккен іскер азамат Дархан Ералиевтің алар асулары әлі де алда.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**Игорь ТИТЕНОК (сурет).**

## ТУҒАН ЖЕРІМ – ТҰҒЫРЫМ

Бүкіл түркі халқының абызы Қорқыт бабамыздың қасиетті кесенесі біздің туған жерімізде болғаны үлкен мақтаныш. Қорқыт ата кесенесін шәкірттерімізге көрсету, таныстыру мақсатында №15 мектеп-лицейінің ұжымының ұйымдастыруымен Қармақшы мен Байқоңыр қаласына қарай бет алдық.

Қайта жаңғырған мемориалдық кешенге келіп, қобыз сарынын естіп, таңғалдық. Оқушылармен бірге мұражай ішіндегі 700-ге жуық экспонатпен танысып, ежелгі деректерге қанық болдық.

Биылғы жылдың 2 қыркүйекте еліміздің үшінші ғарышкері Айдын Айымбетовтің ғарышқа ұшуына орай ұландарымыздың қызығушылығына байланысты ғарыш айлағына қарай сапарымызды жалғастырдық. Мұражай қызметкері алғашқы ғарыш кемесін жасаған ғалымдардың өмір тарихы мен тұтынған дүниелерімен және атақты алғашқы ғарышқа ұшқан ғарышкерлердің сауыттарын (скафандр) қалай пайдаланатынын айтты. Келесі дәлізде біз ғарыш кемесін және ғарыштағы ғарышкердің жұмысын бақылап тұратын аппараттармен, спутниктермен танис болдық. Одан кейін Байқоңыр қаласындағы тарихи маңызы бар орталықтарымен және көше атауларымен таныстық. Мәскеу авиация институтының филиалы, электр техникалық колледжі, ірі есептеу орталығы, әскери аурухана, емхана, әуежай, түрлі мәдени ошақтары жұмыс жасайтынын білдік. Байқоңыр қаласының орталық алаңына бас конструкторлар С.П.Королев пен М.Г.Янгельдің ескерткіштері, сондай-ақ, тұғырға С.П.Королев құрастырған ғарыш кемесінің орналасқанын көрдік.

Бүгінгі күнгі мектеп партасында отырған оқушы ертең-ақ дүниенің әр түкпіріндегі атақты оқу орнында білім алғанда өз туған жерін еске алып, мақтан тұтарына сенімдімін Сонда олар осы киелі топырақта кіндік қандарының тамғанын мақтан тұтып, көзбен көргендерін айтатыны хақ. Мектепке келген соң өз пікірімізді ортаға салып, шығарма жүзінде жазып, дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Сапарымыздың діттеген мақсатына жеттік. Шәкірттеріміз бен олардың ата-аналары оқулық арқылы ғана түсіндірумен шектелмей, тарихи орындарға саяхат жасаудың мүмкіндігі туғаны үшін ризашылық білдірді. Бұл біздің мектеп үшін үлкен жетістік.

**Нұргүл ЕШНИЯЗОВА,**
**№15 мектеп-лицей мұғалімі.**
Қызылорда қаласы.

# МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ



Шымкенттегі химия-технологиялық институтын бітірген Сәдуақас Аңсат ұзақ жылдар бойы Сыр өңірінің құрылыс саласында, облыстық атқару комитетінде, қалалық партия комитетінде, “Харрикейн Құмкөл Мұнай” АҚ-да, “Ақ жол” демократиялық партиясы орталық аппаратында және басқа жерлерде басшылық қызметтер атқарды. 2010 жылдан бастап Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар ол “Тіл сақшысы” газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақ тілінің мерейін үстем ету жолында жемісті еңбек еткен С.Аңсат “Сөзім – ұстанымым” кітабының авторы. Сондай-ақ оның басшылығымен “Тіл сақшысы – намыс қамшысы” деген атпен таңдаулы мақалалар жинағының үш томдығы жарық көрді.

Ұлт бірлігінің ұйытқысы – қазақ тілінің төрге шығуы жолында атқарған жемісті еңбегі үшін тіл жанашыры Сәдуақас Аңсат қалалық мәслихаттың шешімімен “Қызылорда қаласының құрметті азаматы”, Қармақшы аудандық мәслихатының шешімімен “Қармақшы ауданының құрметті азаматы” атағымен марапатталды.

**Жалғасбек АМАНОВ.**

# АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ

«Мұндай рәсімді біз тұңғыш рет жасап отырмыз, себебі, бұл кодекстің ел үшін маңызы өте зор, бүкіл Қазақстан үшін мәні орасан, – деп атап өтті ел Президенті.

Жаңа Азаматтық процестік кодекс құқық саласын түбегейлі жақсартады. Өздеріңіз білесіздер, мен сәуірде бес реформаны жариялап, «100 нақты қадам» жоспарын жүзеге асыруды тапсырдым. Осы бойынша Парламент жұмыс істеп, 59 заңнаманы қабылдауы қажет. Бұл жұмыс қазір қауырт жүргізіліп жатыр. 16 заңға мен қол қойып үлгердім. Бүгінгі кодекс 17-ші заң. Бұл жоспардың маңызды бағыттарының бірі – заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Жаңа кодексті қабылдау арқылы осы міндетті орындауға кірісеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Елбасының айтуынша, заңнама аясында барлық заманауи негізгі құқықтардың институттары қамтылған. Сонымен қатар, құқықтық жұмысымызды әлемдік озық стандарттар деңгейіне жеткізетін елеулі өзгерістер енгізілген. Біріншіден, Қазақстан жаңа жылдан бастап 5 буынды сот жүйесінен 3 буынды жүйеге көшеді. Екіншіден, инвестициялық дауларды қараудың жаңа тәртібі енгізіледі. Сол арқылы еліміздің жаңа жағдайда экономикалық даму үшін маңызды рөл атқаратын инвестициялық тартымдылығы арта түседі. Үшіншіден, азаматтық сот жүргізу ісінде ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылып, соттың жұмысы ел үшін жариялы болады. Бұдан бөлек, татуластыру және сотқа дейін реттеу шарасын қолдану аясы кеңейеді, нәтижесінде сот жүйесіне жүктеме төмендейді. Ал ең бастысы, дауды шешу мерзімі қысқарады.

Жаңа кодексте басқа да көптеген маңызды өзгерістер бар. Мәселен, азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі сотқа прокурордың қатысуы азаяды. Іс жүргізудің жеңілдетілген түрі кеңінен қолданылады. Соттардың қарауындағы істер оңтайландырылады. Бұл жаңа кодекс нормаларының барлығы соттың қорғауының тиімділігін арттыруға бағытталып отыр.

**Динара СЕРІКҚЫЗЫ,**
**Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы.**

# ИПОТЕКАҒА СҰРАНЫС АЗАЙЫП, ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖИНАҚ АРТУДА

**Баспананы ипотека арқылы алу қымбаттаған соң қазір орта дәулетті адамдар тұрғын үй құрылысына ақша салып жатыр. «Ranking.kz» сайты ипотекалық несиелеу былтырғы жылы қатты өсіп, өзінің шекті мүмкіндігіне жеткеннен кейін елімізде 2 пайызға, яғни 895,6 млрд теңгеге кеміді деп хабарлайды. Екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) алдын ала қаржыландыру қоржынын 2014 жылғы 23 пайыз бен 2013 жылы болған 25 пайыздан осы жылы 22 пайызға дейін азайтты.**



*«Елімізде орташа еңбекақы көлемі 121 мың теңге екендігін ескерсек, бір бөлмелі пәтерді ипотекаға алған адам тапқан табысының 64 пайызын жұмсайды екен. Осыдан бір жыл бұрын заемшы ипотекаға табысының 62 пайызын, алдыңғы жылы 58 пайызын құятын. Ал енді салыстыру үшін мысалға келтірсек, тұрғын үй құрылысына қаржы салған тұлға, орташа есеппен алғанда, табысынан ай сайын 50,3 мың теңге құйып отырады. Бұл оның жалақысының 42 пайызына есеп. Орта тап өкілдері несиелеудің осындай жүйесіне сондықтан да қызығушылық танытуда. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің ЕДБ-нің ипотекалық қоржынындағы үлесі 23 пайыздан 32 пайызға өсіп отыр»* деп жазады «Ranking.kz» сайты.

Кейінгі жылдары тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету үшін берілетін қаржы көлемі (заем) 7 пайызға қысқарды. Ал, «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның алдын ала қаржыландыру қоржыны 75 млрд теңгеге өсті. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 37 пайызға артық өсім.

# ДӘРІЛЕРДІ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК?

Жүргізілген емнің қажетті терапевтік әсеріне қол жеткізу үшін, ең алдымен өзіңізді емдеуші дәрігердің кеңесін дұрыс орындау қажет! Берілген дәріні қалай, қандай мерзімділікпен қабылдау, оны немен ішу және препараттың тиімділігіне әсер ететін қандай да бір тағам өнімі туралы ақпаратты Сізге тек дәрігер ғана бере алады.

## Дәрілерді қалай және неге дұрыс қабылдау керек?

1) Дәріні қабылдар алдында, дәрігердің тағайындауларын не болмаса препаратқа қосымша берілген нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Мыналарға баса назар аударған жөн:
- бір реттік қабылдауға ұсынылатын доза;
- бір тәулікте қабылданатын дәрінің көлемі.

Осының барлығы қажетті терапевтік әсер алу үшін де, препараттың жанама әсерлерінің ықтималдылығын төмендету үшін де өте маңызды.

Ағзамызыздың тәулік бойы жұмыс істейтіндігін ескере отырып, таблетканы қабылдауды мүмкіндігінше тең уақыт аралығына бөлу қажет. Әсіресе бұл микробқа қарсы дәрілерге қатысты, өйткені микробтар демалыс, түскі асқа қарамай үздіксіз жұмыс істейді. Яғни, екі мәрте қабылдау кезінде дәріні 12 сағаттық интервалмен, үш мәрте кезінде – 8 сағаттық, төрт мәрте кезінде 6 сағаттық интервалмен қабылдаған жөн.

- қабылдау уақыты мен әдісі, емдеу курсының ұзақтығы.

**ПРЕПАРАТТЫ ДӘРІГЕР КӨРСЕТКЕН НЕМЕСЕ НҰСҚАУЛЫҚТА ҰСЫНЫЛҒАН УАҚЫТТА ҚАБЫЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР!**
**ОЛАЙ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, ДӘРІЛЕР ПАЙДАСЫЗ БОЛЫП ҚАЛУЫ НЕМЕСЕ ТІПТІ ЗИЯН КЕЛТІРУІ ДЕ МҮМКІН.**

2) Тағы бір маңызды ақпарат – **дәріні қабылдау шарттары:** аш қарынға, аспен бірге немесе біраз уақыт өткен соң.

Кейбір дәрілер асқазанда немесе ішекте ғана сіңіріледі, кейбіреулері – ішекте ғана сіңірілуі тиіс. Бұл асқазан-ішек жолында болып жатқан үрдістерге байланысты. Тағам, сондай-ақ оны қорыту кезінде бөлінетін асқазан сөлі, асқорыту ферменттері және өт дәрімен байланысқа түсіп, оның қасиеттерін өзгертіп жіберуі мүмкін. Міне, сондықтан да дәріні қабылдау уақытына мән бермей қарауға болмайды: тамақтанудан бұрын, аспен бірге немесе одан кейін.

3) Тағы бір маңызды нәрсе – **дәріні қандай сұйықтықпен қабылдау керек.** Қабылданатын дәрілік заттардың тимділігі мен фармацевтикалық қасиеттеріне тікелей әсер ететін өнімдер де бар. Мысалы, тетрациклин антибиотиктерін сүтпен ішуге болмайды, өйткені оның құрамындағы кальций, препаратпен байланысқа түсіп, оның әсерін әлсіретеді. **Ең дұрысы дәріні бөлме температурасындағы 100 мл қайнаған сумен ішуді әдетке айналдырған жөн!**

**ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!** Қабықшамен қапталғандардың барлығын немесе капсуланы шайнаудың немесе тістеудің қажеті жоқ. Көптеген дәрілер өзара байланысқа түседі, сондықтан да мүмкіндігінше дәрілерді кезегімен қабылдауға тырысыңыз.

Дәрігердің тағайындауларын сіздің ойыңызша «пайдалы» «иммунитетті нығайтатын», «бауырды қорғайтын», «суық тигеннен сауығуды жеңілдететін» дәрілермен немесе өсімдік жинақтарымен ешқашан толықтырмаңыз. Әрдайым өз тілектеріңізді дәрігерге білдіріп және барлық жаңа енгізілімдерді келісіп отырыңыз.

Құрметті қазақстандықтар, өз өмірлеріңізді, денсаулықтарыңызды және жақындарыңыздың денсаулығына жауапкершілікпен қараңыз! Дәрілік заттарды дәрігердің тағайындауынсыз қабылдамаңыздар! Қандай да болмасын препаратты қабылдаудың қажеттігін тек дәрігер ғана анықтай алатындығын естен шығармаңыздар.

Дәрілік заттардың қолданылуына қатысты сұрақтарыңыз болса - Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығының тегін **Call-қызметінің телефонына 8 800 080 88 87** қоңырау шалыңыз немесе біздің **www.druginfo.kz** ресми сайтымызға жазыңыз. Біздің қызметіміз Сіздерге арналады!

**Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығы**
**ҚР ДСӘДМ «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *”АҚ”-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 22621
Тапсырыс № 1335
Электронды оқылым – 28000.